

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования им. И.Алтынсарина



**«ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ» ЖӘНЕ «ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ»
ПӘНДЕРІ БОЙЫНША САРАПТАМАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР**

Сараптамалық жинақ

**АНАЛИТИЧЕСКИЕ МАТЕРИАЛЫ ПО ОБУЧЕНИЮ
ПРЕДМЕТАМ
«ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА» И «ВСЕМИРНАЯ ИСТОРИЯ»**

Аналитический сборник

Астана
2015

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2015 жылғы 17 сәуір № 3 хаттама).

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 3 от 17 апреля 2015г.).

«Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша сараптамалық материалдар. Сараптамалық жинақ.— Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 125 б.

Аналитические материалы по обучению предметам «История Казахстана» и «Всемирная история». Аналитический сборник.— Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2015. – 125 с.

Ұсынылып отырған талдамалы материалдар Қазақстандағы жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан тарихы мен дүние жүзі тарихын оқыту жайын, дайындық деңгейін зерделеп, аталған пәндер бойынша білім беру жағдайы мен дамуы туралы соңғы үш жылдың динамикалық және салыстырмалы талдауын көрсететін ақпарат көзі болып табылады.

Талдамалы материалдар білім басқармаларының, білім жетілдіру институттарының басшыларына, әдіскерлеріне ұсынылады.

В сборнике отражены материалы мониторингового исследования учебных достижений учащихся школ Казахстана по предметам «История Казахстана» и «Всемирная история», проведенного Национальной академией образования имени И. Алтынсарина. В сборник включены также итоги анализа качества учебных программ, учебников. Аналитическая справка адресована руководителям, учителям-практикам общеобразовательных школ, специалистам организаций образования.

© Ы.Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2015
©Национальная академия образования
им. И.Алтынсарина, 2015

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «...Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына зор көңіл бөлу қажет» деп айтылған [1].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында мемлекеттік саясат негізінде ең алғаш рет әр баланың қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы жеке адамның дарындылығын таныту сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отырғаны белгілі [2].

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Елбасымыз әр кез жыл сайынғы жолдауларында «Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр» - деген тапсырмасына берген еді [3]. Заманауи әлемдік білім кеңестігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі. Егеменді еліміздің ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ал өркениетке жетуде жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Қазіргі білім берудің басты мақсаты да сол жан-жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру болып табылады. Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе – білім беру, ғылымды дамыту. Өркениет біткеннің өзегі, ғылым, тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ.

Орта білім беру жүйесінде тарих пәні басты орын алады.

«Қазақстан тарихы» мен «Дүниежүзі тарихы» – мемлекеттік жалпыға міндетті білім берудің стандартына сәйкес «Адам және қоғам» білім саласына енген пән және мектептің барлық білім беру деңгейлерінде міндетті түрде оқытылатын пән.

Осы стандартта оқу пәндерін меңгертудің жетік (жетік мүмкіндік және жетік бейіналды/жетік бейіндік) деңгейлері білім алушылардың білімінің кеңейтілген және тереңдетілген көлемін, олардың шеберлігі мен дағдыларын қамтиды.

«Тарих» пәндерінің маңыздылығы тарихи құбылыстар мен оқиғаларды зерделеуіне, бағалауына, оларға нақты баға беруге, жаңа қазақстандық патриотизмді ұрпақ жадына сіңіруге дәйектеледі [4].

Ұлттың тарихи санасын жетілдіру және жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру бағытындағы бағдарламаларды іске асыру үшін болашақ ұрпаққа тарихи білім беру мазмұны мен әдістемелерін жетілдіру жұмыстарын атқару керек.

Білім беру жүйесін бәсекеге қабілеттілікке жеткізу міндеттері мен білім мазмұнын жаңарту аясында жалпы білім беретін мектептердегі «Қазақстан тарихы» мен «Дүние жүзі тарихын» оқытудың жай-күйін, білім беру

нәтижесінің сапасын, оқушылардың дайындық деңгейі мен жетістіктерін зерделеу мақсатында ақпараттық-талдамалық жұмыстар жүргізілді.

Жасалған талдау мазмұны Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанда тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасындағы»[5], «Қазақстан - 2050» стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы[6] тапсырмалары бойынша ұлттың тарихи санасын жетілдіру және жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға негізделген жалпы білім беретін мектептердегі Қазақстан тарихы мен дүние жүзі тарихынан білім беру жайын зерделеу мәліметтерін қамтиды.

Мониторингтік зерттеу төмендегі облыстар: Ақмола, Алматы, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Жамбыл, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары мен Астана және Алматы қалаларында жүргізілді.

Кешенді зерттеу барысында жалпы білім беру мектептеріндегі тарих пәні бойынша білім беру процесстерінің жағдайы зерделенді.

Ұлттық білім академиясы (ары қарай - Академия) тарапынан тарих пәндері бойынша оқу материалдарына талдаулар жасалып, білім беру нәтижелерінің сапасын анықтауға бағытталған ішінара сараптама жүргізілді.

Сонымен қатар, тарих пәндерінен алған білім мен біліктілігі негізінде бүгінгі өзгермелі өмірді еркін бағдарлай алатын, өзін-өзі дамытып, өз бетінше дұрыс, жауапты шешім қабылдай білетін тұлғаны тәрбиелеу мақсатына баса назар аударылғаны анықталды.

Талдамалы материалдарды дайындау барысында облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім басқармаларымен, «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығымен, Ұлттық тестілеу орталығымен тығыз байланыста нәтижелі жұмыстар жүргізілді.

Ұсынылып отырған материал еліміздегі жалпы білім беретін мектептердегі тарих пәндерінен білім берудің жайы динамикалық және салыстырмалы талдауын көрсететін ақпарат көзі болып табылады.

1 Жалпы білім беретін мектептердегі Қазақстан тарихы мен дүние жүзі тарихын оқыту бойынша оқу материалдарына талдау

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасының білім саласы бойынша Мемлекеттік саясатын негізгі іске асырушы, қазақстандық білімді жетілдіруін жалғастырып қамтамасыз етуші болып табылады.

Орта білім беруді қамтамасыз етуші негізгі ресурстық құралдар «Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты – үлгілік оқу жоспары – оқу бағдарламалары – оқулықтар – ОӘК» элементтері болып табылады.

Тарихи білім аспектісінде әрбір құралдарды неғұрлым тереңірек қарастырайық. Бірінші кезекте, **мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты** (ары қарай - МЖМББС).

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына 24 қазан 2011 жылы өзгертулер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты 2012 жылы барлық білім беру деңгейлерінің, соның ішінде орта білім беруге арналған мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары бекітілді («Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысы).

Республиканың орта білім беру жүйесінде материалдық-техникалық, оқу-әдістемелік базаның нығайту, сондай-ақ оқытудың мазмұны мен әдістерін жаңарту қажеттілігіне байланысты[7], оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту, тәжірибеге бағытталған дағдыларын қалыптастыру, еліміздің экономикалық даму қажеттілігіне бағдарланғандықтан, орта білім берудің МЖМБС (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) аралық болып табылады, өйткені ол еліміздің экономикалық даму қажеттіліктеріне, оқушылардың практикаға бағытталған дағдыларын қалыптастыруға, функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған. Осыған байланысты, білім беру нәтижелері үш аспектіде берілген, олар: тұлғалық, жүйелі-әрекеттік және пәндік. Бұдан басқа, 2012 жылғы МЖМБС білім беру деңгейлері бойынша мазмұнның үздіксіздігі мен сабақтастығын қамтамасыз етеді, оның құндылық және іс-әрекеттік компоненттерін кеңейту негізінде білім берудің дамытушылық әлеуетін күшейтеді.

1.1 Мектептің «Тарих» курсы бойынша үлгілік оқу жоспарлары

Білім беруді ғылыми – әдістемелік қамтамасыз етудің келесі элементі **үлгілік оқу жоспарлары** болып табылады.

Бүгінгі таңда ҚР мектептеріндегі білім беру үдерістері ҚР ҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (ары қарай - ҮОЖ) негізінде жүргізіледі [8].

2010 және 2012 жылғы негізгі және жалпы орта білім беру деңгейлеріндегі ҮОЖ салыстырмалы талдауы көрсеткендей тарих пәндерінің жалпы сағат

көлемі өзгерген жоқ.

Қазақстан тарихы бойынша 5-сыныпта 1 сағатқа қысқарып, 6-сыныпта 1 сағатқа, 7-9 сыныптарда 0,5 сағатқа ұлғайды. Дүние жүзі тарихы 7-9 сыныптарда 0,5 сағатқа қысқарды.

Қоғамдық – гуманитарлық бағытындағы 10-11 – сыныптарында бейінді мазмұнын жетілдіру мақсатында 10 сыныптың «Қазақстан тарихы» пәнін мен 10-11 сыныптың «Дүние жүзі тарихы» пәнінің апталық жүктемесін 1 сағатқа ұлғайды. Қазіргі Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы тарихи рөлін оқыту және қоғамдық құбылыстар жайлы білімдерін кеңейту қажеттілігіне байланысты жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарда «Қазақстан тарихы» пәнінің оқу жүктемесін 1 сағатқа ұлғайтты және жаратылыстану-математикалық бағыттағы 11 сыныптарына «Дүние жүзі тарихы» пәні енгізілді (1-3 кестелер).

1-кесте – Негізгі орта білім үлгілік оқу жоспарының салыстырмалы кестесі

Пәндер	ҮОЖ 2010 ж.					Пәндер	ҮОЖ 2012 ж.				
	Сыныптар бойынша апталық сағат саны						Сыныптар бойынша апталық сағат саны				
	5	6	7	8	9		5	6	7	8	9
<i>«Адам және қоғам» білім саласы</i>											
Қазақстан тарихы	2	1	1,5	1,5	1,5	Қазақстан тарихы	1	2	2	2	2
Дүние жүзі тарихы	-	1	1,5	1,5	1,5	Дүние жүзі тарихы	-	1	1	1	1

2-кесте – Қоғамдық – гуманитарлық бағыттағы жалпы орта білім беру үлгілік оқу жоспарының салыстырмалы кестесі

Пәндер	ҮОЖ 2010 ж.		Пәндер	ҮОЖ 2012 ж.	
	Сыныптар бойынша апталық сағат саны			Сыныптар бойынша апталық сағат саны	
	10	11		10	11
<i>«Адам және қоғам» білім саласы</i>					
Қазақстан тарихы	1	2	Қазақстан тарихы	2	2
Дүние жүзі тарихы	1	1	Дүние жүзі тарихы	2	2

3-кесте – Жаратылыстану – математикалық бағыттағы жалпы орта білім беру үлгілік оқу жоспарының салыстырмалы кестесі

Пәндер	ҮОЖ 2010 ж.		Пәндер	ҮОЖ 2012 ж.	
	Сыныптар бойынша апталық сағат саны			Сыныптар бойынша апталық сағат саны	
	10	11		10	11

<i>«Адам және қоғам» білім саласы</i>					
Қазақстан тарихы	1	1	Қазақстан тарихы	2	2
Дүние жүзі тарихы	1	-	Дүние жүзі тарихы	1	1

1.2 Типтік оқу бағдарламалары

Республиканың жалпы білім беру мектептеріндегі оқу үдерістері оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 – 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын іске асыру мақсатында әзірленген **үлгілік оқу бағдарламаларымен** (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 25 сәуіріндегі №115 бұйрығымен бекітілген) жүргізіледі [9].

Ол бағдарламада пәнаралық байланысты күшейту және білім деңгейі бойынша оқу материалдарын қайта бөлу арқылы пән мазмұны жүйеленген, заман талабына сай келмейтін оқу материалдарының орнына жаңа қазақстандық қоғамның заманауи әлеуметтік-экономикалық жаңғыртуын көрсететін материалдар қосылған, қазақстандық компоненттер кеңейтілген, тәрбиелік әлеуеті күшейтілген, практикалық жұмыс пен тәжірибелік тапсырмалар арттырылды.

Қолданыстағы оқу бағдарламалары «Қазақстан тарихы» мен «Дүние жүзі тарихы» пәндерінен оқытудың мазмұндық, құрылымдық және әдістемелік талаптарына сай ұсынылған.

Бағдарлама құрылымы: түсінік хат, пәннің базалық мазмұны, оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптары мен пәндік сипаттамасының және тұлғалық, жүйелі – әрекеттік нәтижесін қамтиды.

Оқу бағдарламаларының білім мазмұны Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына сәйкес дайындалған.

Бағдарламадағы тараулар мен тақырыптарға ұсынылған сағат саны оқу жүктемесінің көлеміне сәйкес жасалған.

Жаңа оқу бағдарламасының ерекшеліктері:

1. Жүйелі-іс-әрекеттік тәсілдерді іске асыру арқылы практикаға бағытталған білімді нығайту.

2. Пәндік нәтижесінің тиімділігі есебінен, білімді қолданудың шығармашылық дағдылары қалыптасқан оқушылардың функционалдық сауаттылығын нығайту.

3. Пәнаралық ықпалдастықты нығайту жолымен пәннің мазмұнын жүйелеу және оқу материалдарын білім деңгейлеріне сай қайта бөлу.

4. Аймақтық сипаттағы материалдар есебінен қазақстандық компоненттерін кеңейту.

5. Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу, құқықтық мәдениет, толеранттылық, адамгершілік қағидалар т.б. арқылы тәрбие әлеуетін күшейту.

6. Бағдарламадан ескірген оқу материалдарын және тақырыптарды шығарып тастап, Отан тарихына қатысты сонын ішінде қазіргі замандағы Қазақстанға қатысты жаңа материалдар енгізу.

7. Елбасының тапсырмасы негізінде жаңа технологияларды, оқытудың жаңа әдістері мен формаларын қолдана отырып, Қазақстан тарихын оқыту форматын өзгерту.

8. Оқушылардың дайындық деңгейінің талаптары пәндік (білу, меңгеру), тұлғалық, жүйелі-іс-әрекеттік нәтижелері ұстанымында сипатталған.

Оқу бағдарламасы білім стандартының пәндік тақырыптарын нақтылайды, оқушылардың жас ерекшеліктеріне, оқу үрдісіне, пәнаралық және пән ішіндегі байланыстармен оқу пәнінің тараулары және ұсынылған оқытылатын тақырыптардың жүйелілігі мен пән бойынша курстың тарауларына оқу жүктемесінің көлемін береді.

Бағдарламада оқушылардың дайындық деңгейлеріне қойылатын талаптары айқын белгіленген. Пәндік нәтижелер екі аспектіде көрсетілген: білуі және меңгеруі тиіс [10].

Тұтастай оқу бағдарламасы оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, тарих бойынша толыққанды, жүйелі білім беру, қызығушылығын ояту, білім, білік, дағдыларын қалыптастыру, салыстырмалы талдау жасай білуге мүмкіндік береді.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №554 және 2015 жылғы 26 қаңтардағы №32 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан тарихы» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын, оқулықтар мен оқу-әдістемелік материалдарды жетілдіру туралы» тапсырмасына сәйкес 5-11 сыныптардың «Қазақстан тарихы» пәнінің қолданыстағы оқу бағдарламаларына сараптамалық талдау жұмыстары жасалынып, біршама өзгерістер енгізілді. «Тәуелсіздік толғауы» атты Елбасының 2014 жылғы 15 желтоқсандағы сөйлеген сөзі негізінде:

- «Қазақ хандығының 550 жылдығы»;

- «Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығы»;

- «Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы»;

- «Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығына» орай «Ұлы Отан соғысы қаһармандарының естеліктеріндегі отты жылдар жаңғырығы», «Ата заң – болашақ кепілі», «Ұлт бірлігі және ұрпақтар сабақтастығы» тақырыбындағы материалдар қолданыстағы оқу бағдарламаларына қосылды.

5-9 сыныптардың «Қазақстан тарихы» оқу бағдарламасындағы енгізілген өзгерістер туралы мәліметтер

7– тармақ: «Тарихқа саяхат» (14 сағат):

қазақ халқының қалыптасуы және Қазақ хандығының құрылуы, «қазақ» терминінің мағынасы;

қазақ хандары (Керей, Жәнібек, Қасым, Хакназар, Тәуке);

10 – тармақ: «Қазақстан XX ғасырда» (6 сағат):

- Қазақстандық Ұлы Отан соғысы қаһармандарының естеліктеріндегі отты жылдар жаңғырығы;

11- тармақ: «Тәуелсіз Қазақстан» (3 сағат):

- Ата заң – болашақ кепілі, Ұлт бірлігі және ұрпақтар сабақтастығы;

33 – тармақ: 3 – бөлім «Кейінгі орта ғасырдағы Қазақстан. Біртұтас мемлекеттің құрылуы» (23 сағат).

34 – тармақ: «Қазақ хандығының құрылуы» (3 сағат):

- Керей мен Жәнібектің көшуі; хандардың саяси қызметі;

35 – тармақ: «Қазақ хандығының XVI - XVII ғасырлардағы дамуы және күшеюі» (9 сағат):

- Жәңгір хан, қазақ-жоңғар соғысы, Орбұлақ шайқасы – қазақ батырларының қаһармандықтары, қазақ хандығының әлсіреуі, ішкі қайшылықтардың өршуі, орталық биліктің әлсіреуі, сыртқы жағдайдың қазақ хандығының әлсіреуіне тигізген ықпалы;

- қорытындылау.

36 – тармақ: «XV-XVII ғасырлардағы Қазақ хандығының әлеуметтік-экономикалық дамуы» (4 сағат):

- қазақ хандығының дәстүрлі басқару жүйесі, қазақ ханы және сұлтандар, халықтың әлеуметтік құрылымы; қалалар мен елді - мекендер;

37 – тармақ: «Тәуке хан тұсындағы Қазақ хандығы (XVII ғасыр)» (2 сағат):

- Тәуке ханның билігі, қазақ хандығының ішкі және сыртқы саясаты, қазақ-жоңғар қатынастары, Сібір хандығымен байланысы, қазақ-орыс қатынастары;

- «Жеті жарғы» заңдары, ұлы билер

10-11 сыныптардың «Қазақстан тарихы» оқу бағдарламасындағы енгізілген өзгерістер туралы мәліметтер

15 – тармақ: Қазақ халқының және қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу тарихы (7 сағат):

- (қазақ халқының қалыптасу үдерістері);

- қазақ хандығының құрылуы, Жәнібек пен Керей, XV-XVII ғ.ғ. қазақ хандығының саяси тарихы;

20 – тармақ: Қазақ халқының XVII–XVIII ғасырлардағы жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі (3 сағат):

- қазақтардың жоңғар шапқыншылығына қарсы күресінің тарихи маңызы.

38 – тармақ: Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан (2 сағат):

- Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақстандықтардың ерліктері: «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды», Қазақстандық Ұлы Отан соғысы қаһармандарының естеліктеріндегі отты жылдар жаңғырығы;

- Қазақстан - соғыс арсеналы: қазақстандықтар – тыл қаһармандары;

42 – тармақ: Тәуелсіз Қазақстан Республикасы: әлеуметтік-саяси үдерістер, мәдениет (5 сағат):

- Қазақстанның тәуелсіздігін жариялауы;

- 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Ата заңы – болашақ кепілі;

- ҚР Ұлттық саясаты, Қазақстан халқы Ассамблеясы: Ұлт бірлігі және ұрпақтар сабақтастығы; «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы. Қазақстан Республикасының мәдениеті, ғылым, білім, өнер, спорт және т.б.

48 – тармақ: *Кіріспе. Курстың міндеті, мазмұны және құрылымы (1 сағат).*

58 – тармақ: *Қазақ халқының және қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу тарихы (7 сағат):*

- (қазақ халқының қалыптасу үдерістері);

- қазақ хандығының құрылуы, Жәнібек пен Керей, XV-XVII ғ.ғ. қазақ хандығының саяси тарихы;

65 – тармақ: *Қазақ халқының XVII-XVIII ғасырлардағы жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі (3 сағат):*

- қазақтардың жоңғар шапқыншылығына қарсы күресінің тарихи маңызы.

83 – тармақ: *Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан (2 сағат):*

- Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақстандықтардың ерліктері: «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды», Қазақстандық Ұлы Отан соғысы қаһармандарының естеліктеріндегі отты жылдар жаңғырығы;

- Қазақстан - соғыс арсеналы: қазақстандықтар – тыл қаһармандары;

87 – тармақ: *Тәуелсіз Қазақстан Республикасы: әлеуметтік-саяси үдерістер, мәдениет (5 сағат):*

- Қазақстанның тәуелсіздігін жариялауы, тәуелсіз

- 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Ата заңы – болашақ кепілі,

- ҚР Ұлттық саясаты, Қазақстан халқы Ассамблеясы: Ұлт бірлігі және ұрпақтар сабақтастығы; «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы. Қазақстан Республикасының мәдениеті, ғылым, білім, өнер, спорт және т.б.

1.3 Мектептің «Тарих» курсы бойынша оқулықтары

Орта білімді ресурстық қамтамасыз етудің ең басты қисынды элементі **оқулықтар мен ОӘК** болып табылады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 10 желтоқсандағы № 515 бұйрығымен «Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттер» бекітілген [11] 23 «Қазақстан тарихы» мен «Дүние жүзі тарихы» оқулығы, 17 әдістемелік құрал, 13 хрестоматия, 9 дидактикалық материал, 5 жұмыс дәптерін оқу процестерінде пайдалануға рұқсат етілген.

Орта білім беру ұйымдарының оқу үдерістерінде қолданыстағы оқулықтар, оқу – әдістемелік кешендерге сараптама жасау және басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру ережесіне сәйкес келісілген міндетті тәртіптермен сараптамадан өткізеді. Академия тарапынан «Қазақстан тарихы» мен «Дүние жүзі тарихы» оқулықтарына сараптама жасалды. Оқулықтарға сараптама жасауға «Оқулық» республикалық ғылыми практикалық орталығында сарапшы ретінде деректер базасында тұрған Астана қаласы жалпы білім беретін мектептерінің жоғары санатты, тәжірибелі мұғалімдері қатысты.

Оқулыққа төмендегідей талаптар қойылды: оқулық мазмұнының оқу пәнін оқыту мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі. Оқулық мазмұнының типтік оқу бағдарламасының негізгі мазмұндық желісіне сәйкестігі. Оқу басылымы мазмұнын баяндаудың жүйелілігі, бірізділігі, қисындылығы. Оқу басылымы негізгі мәтінінің әдістемелік құрылымы: бөлімдер, тараулар, параграфтарды ұйымдастыру; тақырыптық аяқталулар, сюжеттік тұтастық. Оқу басылымында меңгеруді ұйымдастыру аппаратының тиімділігі: сұрақтар, жаттығулар, тапсырмалар, есептер, жадынамалар, нұсқаулық материалдар, кестелер мен иллюстрацияларға түсініктемелер. Оқу басылымында нәтижелерге жетуді тексеру аппаратын ұйымдастырудың тиімділігі: бақылау және тест материалдары. Оқу басылымында қосымша материалдың: хрестоматиялық, құжаттық материалдар, ғылыми әдебиеттерден үзінділер, көркем суреттеулер, әңгімелеулер, биографиялық, ғылымтанушылық, статистикалық деректер, т.б. бар болуы. Оқу басылымы мазмұнында пәнішілік және пәнаралық байланыстардың бар болуы. Оқу басылымы мазмұнының оқушылардың алған білімі мен тәжірибесін адами қызметтің әртүрлі саласында, қарым-қатынаста және әлеуметтік қатынастарда (функционалдық сауаттылық) өмірлік міндеттерді шешуде пайдалану қабілеттілігін қалыптастыруға бағыттылығы. Оқу басылымы мазмұнының оқушылардың танымдық қызығушылықтарын дамытуға бағытталуы. Оқу басылымы мазмұнының оқушылардың логикалық ойлауын, интеллектуалдық әлеуетін және шығармашылық белсенділігін дамытуға бағытталуы. Оқу басылымы мазмұнының патриоттық сезім, Отанға деген сүйіспеншілік қалыптастыруға бағыттылығы. Қазақстан халықтарының ұлттық мәдениеттерінің көптүрлілігі мен бірлігінің көрініс табуы. Оқу басылымы мазмұнының оқушыларға экологиялық тәрбие беруге бағытталуы. Оқу басылымы мазмұнының оқушыларға кәсіби бағдар беруге бағытталуы. Оқу басылымы мазмұнында анық емес, дәйексіз ғылыми деректердің, фактологиялық, ұғымдық қателердің, дәлсіздіктердің болмауы. Оқу басылымының оқушылардың функционалдық сауаттылығы мен құзыретін қалыптастыруға бағытталуы. Оқушылардың жас, психологиялық ерекшеліктерін, жеке мүмкіндіктерін есепке алу. Оқушылардың ақпаратпен өздігінен жұмыс істеу біліктіктерін дамыту мүмкіндігі. Оқушыларда оқу білігін, өз іс-әрекетін ұйымдастыру қабілетін қалыптастыру мүмкіндігі. Оқушыларда материалдарды сараптау, талдау, таңдау және жүйелей білу дағдыларын қалыптастыру мүмкіндіктері. Оқушылармен материалды бекіту және қайталауды қамтамасыз ету мүмкіндігі. Оқушыларды даралап және саралап оқытуды қамтамасыз ету мүмкіндігі. Тілі және стилінің оқушылардың жас ерекшеліктері мен даярлық деңгейлеріне сәйкестігі. Тілі және стилінің қазіргі әдеби тіл нормаларына сәйкестігі. Қысқартылған атаулардың түсіндірмелерінің бар болуы.

Келесі кезекте сараптама жасалған «Қазақстан тарихы» және «Дүние жүзі тарихы» оқулықтарына тоқталсақ.

Академия тарапынан 2015 жылдың сәуір айында «Қазақстан тарихы» мен «Дүние жүзі тарихы» оқулықтарына жүргізілген сараптама барысында келесідей қорытынды жасады:

Талданған оқулықтар қолданыстағы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына ҚР МЖМББС 1.4002-2012 және 2013 жылғы оқу бағдарламаларына сәйкес келеді.

Сараптама жүргізілген оқулықтардың мазмұны білім алушының бойында отансүйгіштік пен азаматтықты қалыптастыруға, функционалдық сауаттылығы мен құзыреттілігін арттыруға, білім алушылар мен педагогтардың интеллектуалдық деңгейін арттыруға, мұғалімдердің кәсіби шеберлік деңгейін жетілдіруге, еңбек пен кәсіби білім беруге, физикалық және рухани дамуға, толеранттылықты қалыптастыруға, құқықтық тәрбие беру, заңға бағыну мен құрметтеуге, тұлғалық қасиеттерін дамытуға бағытталған. Қазақстан тарихы оқулығының материалдары дүниежүзі тарихы оқулығының материалдарымен байланысты берілген.

Оқу басылымының мазмұны оқушыларды оқыту, дамыту және тәрбиелеу мақсаттарына сәйкес. Пәнаралық байланыстар ескерілген.

Оқулықтар мазмұнына қарайтын болсақ бөлімдерге, тарауларға және тақырыптарға бөлінген. Алғысөзден басталып, бөлімдер, тараулар және тақырыптарға бөлінген. Тақырыптар бірнеше тақырыпшалардан тұрады. Тақырып мәтінінің баяндалуы жүйелі, бірізділігі сақталған.

Оқулықтардың полиграфиялық рәсімделуі талапқа сай, әріптері анық, сөздері мен сөйлемдері жүйелі. Тақырыпқа байланысты ерекше түсініктер көк сиямен боялған. Кейбір мәліметтер қара бояумен айқындалып, курсивтік қаріппен терілген. Тақырыпқа сай иллюстрациялар берілген. Оқулықтарда шартты белгілер берілген.

Қазақстан тарихының негізгі оқиғаларының желісі тұтастай сақталған, қамтылмай қалған тарихи кезең жоқ. Оқушылардың білімді меңгеру, бекітуі мен қайталап-пысықтауына негізделген сұрақтар, тест тапсырмалары, түсініктемелер, кесте, иллюстрациялар берілген. Бақылау нәтижелеріне жетуді тексеруге арналған тест сұрақтары қамтылған. Оқу басылымында оқушының танымын, қызығушылығын арттыруға бағытталған биографиялық, ғылыми-танушылық деректер келтірілген (Қазақстан тарихының терминдері, басты оқиғалары, қалалар, сәулет өнері ескеркіштері және орта ғасыр саяхатшылары мен зерттеушілері туралы мәліметтер берілген). Оқулықтар мұқабасының иллюстрациялық безендірілуі оқулық мазмұнына сәйкес. Оқу басылымының мазмұны қазіргі ғылыми көзқарастарға қайшы келмейді. Оқу басылымының мазмұнында оқушыларға экологиялық тәрбие және кәсіби бағдар беруге бағытталған материалдар қарастырылған. Оқу басылымында діни экстримизм, лаңкестік, анық емес, дәйексіз ғылыми деректер, фактологиялық, ұғымдық қателер, дәлсіздіктер жоқ.

Оқулықтардағы мәтіндерде оқушылардың жас, психологиялық ерекшеліктері, жеке мүмкіндіктері ескерілген. Оқулықтардағы мәтіндер оқушылардың ақпаратпен өздігінен жұмыс істеу біліктіліктерін дамыту

қабілеттерін арттыруға бағытталған. Ата-аналарды оқу-тәрбие үрдісіне қатыстыруға септік ететін сұрақтар мен тапсырмалар да оқулықта қамтылған. Мәселен, оқулықтарда жүзге, руларға, ауыз әдебиеттегі аңыз-әңгімелерге қатысты шығармашылық тапсырмалар арқылы ата-аналарды оқу-тәрбие үрдісіне қатыстырады.

Алайда, сараптама барысында негізгі орта білім беру ұйымдарының оқулықтарының кемшіліктері де жоқ емес.

Негізгі сипаттамалар ары қарай әр оқулыққа саралана ұсынылған:

1. 7 сыныпқа арналған «Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы» оқулығы

Авторы: С.Жолдасбаев

Баспа, шыққан жылы: «Атамұра» 2012 жыл

Қолданыстағы оқулықтың жалпы мазмұны:

Оқулық материалының көлемі МЖМББС типтік оқу жоспарындағы пәннің оқу жүктемесіне сәйкес келмейді, себебі қолданыстағы оқу бағдарламасы 2013 жылы әзірленген еді. Ал, оқулық 51 сағаттық 2010 жылғы оқу бағдарламасына негізделіп жазылған. Оқулық мазмұнындағы материалдар пәннің оқыту мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес. Негізгі мазмұндық желісі сақталған, оқытудың сабақтастығын қамтамасыз етеді.

Дегенмен, оқу басылымының мазмұнына қатысты мынадай ескертпелер мен ұсыныстар бар:

Оқу бағдарламасына сағат санының қосылуына байланысты оқулық мазмұны толықтыруды қажет етеді және тарау бойынша берілген тақырыптардағы материалдар ауқымы нақты материалдармен кеңейтілгені дұрыс. Мәселен: Ерте және дамыған орта ғасырлық мемлекеттердің қоғамдық құрылысы мен басқару жүйесі туралы жеке қарастырылғаны дұрыс. Себебі: «жабғу», «басқақ», «тархан», «даруға», «беклербек», «елтебер» т.б. ұғымдар қолданыстағы оқулық материалында барлық мемлекеттердің қоғамдық құрылысында кездеседі және әртүрлі мағынада беріледі. «Қазақ хандығының XVI- XVII ғасырлардағы дамуы» тарауына хандар тарихынан тың деректер берілу керек. Хандардың тұлғалық бейнесі, саяси қызметі, хандық басқару жүйесінің ерекшеліктері туралы оқушылардың қызығушылығын арттыратын және ұлтжандылық, отансүйгіштік қасиеттерін дамытатын тың мәліметтер берілсе. Сонымен қоса хандар мен ұлы тұлғалардың портреттері түсініктемелерімен берілсе дұрыс болар еді. Жалпы, қазақ халқының мәдениеті тараулары бойынша да ұлттық құндылықтарды терең зерделеу үшін, ата-бабаларымыздың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы туралы материалдардың кең көлемде, тереңдетіліп берілуі қажет, бұл білім алушылардың бекзаттық, зияткерлік қасиеттерін дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар көшпелілердің шаруашылық жүргізу әдіс-тәсілдері, оның ерекшеліктері туралы мағлұматтар кең көлемде ашылып берілуі қажет.

Оқулықтағы тақырып соңында берілетін тапсырмалардың мазмұнын жаңғырту қажет, сұрақтардың тым көп болуы шарт емес, бірақ оқушының логикалық ойлауы мен өзіндік қорытынды жасауына бағытталған сұрақтар қарастырылуы тиіс. Оқушының шығармашылық ізденісі мен белсенділігін

дамытуға тапсырмалар топтамасы көбірек берілсе. Сұрақтарды деңгейлеп, тест тапсырмаларын түрлендіру, санын көбейту керек. Кей тақырыптардағы термин сөздерге түсініктеме берілуі керек, мысалы: «хан» сөзіне түсініктеме берілмеген. Тақырыптық карталар берілгені дұрыс, карта тақырып бойынша нақтылану қажет. Ал қолданыстағы оқулықтағы карталарға ешқандай түсініктеме берілмеген. Оқушының қабылдауына, түсінуіне сай және тақырыпқа сәйкес тың деректер мен мәліметтер берілсе, сызбалар мен кестелер жетілдірілсе, толықтырылса деген ұсыныс бар. Оқулық мазмұнында кейбір тақырыптарда қателіктер де кездеседі. Мысалы: 174 бетте Тәукенің «Жеті жарғы» заңының мазмұнында «жер дауы» екі рет жазылған, дұрысы «жесір дауы» сөзі жазылмай қалған. Хронологиялық даталардың дәлдігін қатаң сақтау қажет.

2. 9 сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» оқулығы

Авторлары: Б.Ғ. Аяған, М.Ж. Шаймерденова

Баспа, шыққан жылы: «Атамұра» 2013 жыл

Қолданыстағы оқулықтың жалпы мазмұны:

Жалпы білім беретін мектептің 9- сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» оқулығының атауы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының типтік оқу жоспарындағы оқу пәнінің атауына, оқу жүктемесіне сәйкес келеді.

Оқулық мазмұны оқытудың мақсаты мен міндеттері, оқу бағдарламасының мазмұндық желісі негізінде жасалған.

Сараптамаға түсіп отырған «Қазақстан тарихы» оқулығының құрылымдық компоненттері толық сақталған. Мазмұны, шартты белгілері, сияқты бағдарлау аппараттары бар. Материалдар негізінен білім алушының функционалдық-сауаттылықты арттыру мен құзыреттілігін жетілдіру, еңбекке және кәсіптік бағдар беру, отансүйгіштік пен азаматтыққа баулу дайындық деңгейіне байланыстырылып алынған.

Әрбір параграфта тақырыпты меңгеруді ұйымдастырудың түсіндірме сөздіктері, өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар, шығармашылық және тест тапсырмалары, кестелер мен иллюстрациялар, карталар, дәуір құжаттары, тарихи тұлғалар туралы, хронологиялық кезеңдерге тарихи анықтамалар сияқты аппараттары берілген.

Автор оқу бағдарламасын іске асыру үшін білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, құзыреттіліктерін арттыру мақсатында қосымша оқуға арналған тарихи және көркем әдебиеттер және монографиялар, мемуарлық әдебиеттер, мақалалар жинағы, веб-сайттар ұсынылған. Оқушыларды шығаршалығын дамытуға негізделген рефераттық тақырыптар ұсынылған.

Оқу басылымының мазмұндық құрылымы: .

9-сынып Қазақстан тарихы оқулығының оқу бағдарламасы мен мазмұны бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарынан бүгінгі күнге дейінгі уақыт аралығын қамтиды.

Берілген теориялық тақырыптар, мәтіндер, түсіндірме сөздіктері, өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар, шығармашылық және тест тапсырмалары,

кестелер мен иллюстрациялар, карталар, дәуір құжаттары, тарихи тұлғалар туралы мәліметтер параграф тақырыптарымен байланысы бар және әр бөлімді қорытындылап пысықтауға арналған сұрақ тапсырмалары берілген. Оқулықтың соңындағы қосымшаларда (370-374 беттер) оқушының өзіндік дамуына қызығушылығын арттыруға, өз білімдерін тиянақтап тексеруге бағытталған қиындатылған тапсырмалар ұсынылған. Оқушылық деңгей, алгоритмдік деңгей, ізденімдік деңгей, шығармашылық деңгей жүзеге асқан. Пәнаралық байланыс бар.

Оқулық өнер және әдебиет, география, дүние жүзі тарихы сияқты пәндермен кіріктіріліп жазылған.

Дегенмен оқулық пен оқу бағдарламасының сәйкессіздігі байқалады. Оқу бағдарламасы бойынша «XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстан» бөліміне 6 сағат бөлінсе, ал оқулық бойынша 8 параграф қамтылған, яғни §7-8. XX ғасырдың басындағы Қазақстан мәдениеті, Қазақстанның музыка, бейнелеу және қолданбалы өнері бағдарламада қарастырылмаған. Оқулықтағы §7-8 неғұрлым әдебиет сабағында қарастырылатындықтан, Қазақстан тарихы пәніне арнайы сағатпен қарастырылу міндетті емес, тек қосымша танымдық материал ретінде ұсынуға болады. Себебі әдеби шығарманың авторы мен шығармасының атауы ғана беріледі, ол шығарма тарихи тұрғыда қарастырылмайды. Сондықтан мазмұнын ашып тарихи тұрғыда берілуі керек немесе дәуір құжаттары ретінде ұсынылуы керек.

Оқу бағдарламасы бойынша «1917-1941 жылдардағы Қазақстан» бөліміне 22 сағат бөлінсе, ал оқулық 16 параграфқа негізделген. Оқулық пен оқу бағдарламасының тақырыптары сәйкес келгенімен, параграфтың тақырыпшалары сәйкеспейді. Кей жағдайда бағдарламада берілген тақырыпшалар оқулықта мүлде қарастырылмайды немесе өте қысқа мәлімет беріліп мазмұны ашылмаған, **мысалы:** Оқу бағдарламасында берілген «*Қазақстанда Кеңестер билігінің орнауы*» тақырыбында төмендегі көрсетілген тақырыпшалар қарастырылады:

1917 ж. Ресейдегі және Қазақстандағы қазан социалистік революциясы; Қазақстанда (Торғай, Орал, Ақмола, Семей, Сырдария облысы, Жетісу және Бөкей ордасында) кеңес билігінің орнауы; қазақ социалистік «Үш жүз» партиясы, Қазақстандағы РСДЖП-ның социал-демократиялық ұйымдары; Қазақстандағы ұлттық автономиялар, Түркістан (Қоқан) автономиясы; «Алаш» партиясы жетекшілерінің Орынбордағы II Жалпықазақ съезіншақыруы (1917 ж. желтоқсан); «Алаш» қазақ облыстары автономиясының құрылуы; «Алашорда Халық Кеңесі» үкіметінің қызметі;

Ал, осы тақырып оқулықтың §9-10 (65-78 беттер) беріліп, оның тақырыпшалары: Қазақ революциясының жеңісі; Кеңес өкіметінің алғашқы Декреттері; Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы; Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауының ерекшеліктері; Қоқан автономиясы; Алаш автономиясы;

Кеңестік биліктің Алашордаға қарсы қудалау шараларымен аяқталады. Тақырыптың негізгі мазмұны сәйкес болғанымен, ондағы тақырыпшалардың сәйкессіздігі бірін-бірі қамтылмауы мұғалім және оқушы үшін қолайсыздық

жағдай туғызады. Яғни оқу бағдарламасында көрсетілген «Үш жүз» партиясы туралы мәлімет тек алты сөйлеммен ғана беріліп, тақырыптың мазмұнын ашпайды. Әр тақырыптарда осындай келеңсіздіктер орын алған.

Осы ескертулерді ескере отырып, оқулықты оқу бағдарламасына сәйкестендіріп өңделуі қажет. Жалпы оқулық пен оқу бағдарламасының арасындағы айтылатын идеялар үндеседі, тек оқу бағдарламасын басшылыққа ала отырып, оқулықтағы тақырып пен тақырыпшаларды жүйелеу, қамтылмаған мәліметтерді қосып, толықтыру ұсынылады.

Ғылыми аппарат және оқу басылымы мазмұнының оқушыларды оқыту, дамыту және тәрбиелеу мақсаттарына сәйкестігі:

Оқулық мазмұны қазіргі ғылыми көзқарастарға сәйкес келеді. Автор оқулықта пәнішілік және пәнаралық байланыстың болуына көңіл бөлген.

Сонымен қатар оқушының қабылдауына қиындық туғызатын оқулық мазмұнындағы мәтін ішінде цифрлық мәліметтер мен кісі есімдерінің шектеусіз көп беріледі, **мысалы**, §43. Қазақстандағы мәдени өмір (1946-1985) 250-254 беттерде 37 цифрлық мәліметтер, 88 кісі есімі мен 19 шығарма атаулары берілген.

Қазақстан тарихы оқулығының алғашқы мұқабасында тәуелсіз Қазақстан тарихының мазмұнын ашатын иллюстрация бейнеленген.

Оқу басылымының әдістемелік аппараты:

Оқулық оқушылардың жас ерекшелігіне негізделген. Пәнді оқытуға тірек етіп алған танымдық және практикалық бағыттардың нақтылануы оқушылардың тарихи танымы мен санасын дамытуға, алған білімдерін жетілдіру, дағды мен біліктілікті қалыптастыруға ықпал етеді. Оқушылар оқулықтан алған білімдерін талдай, жинақтай және оларды практикада ұштастыра алатындай материалдар жеткілікті. Тапсырмаларға келер болсақ, оларда әдеттегі сұрақ-тапсырмалар мен шығармашылық ізденіске бағытталған жұмыс қазіргі білім беру парадигмасы жағдайына сәйкеседі. Оқулықта деңгейлік тапсырмалары тақырыпты меңгеруге жеңілдік туғызады.

Оқу басылымының тілі және стилі:

Оқулықтың тілі оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес келеді.

Тілдік стильдерде біршама қателіктер байқалды. Мысалы: §18, 128 бетте «... мал шаруашылығымен айналысудан **жеріткені** үшін айыпталды», §25-26, 168 бетте «... халық батыры Амангелдінің батырлық **қанының суымағанын танытты**», §41-42, 241 бетте «... өнердің басқа түрлерінде **сүреңсіз шығармалардың жаппай шығарылуына жағдай жасады**».

Оқу басылымының мазмұнына қатысты мынадай ұсыныстар бар:

Оқулықтағы құнды тарихи деректерді, оқушыны ізденіс пен шығармашылыққа баулитын түрлендірілген жұмыс түрлерін жаңа оқу бағдарламасында басшылыққа алуға болады. Оқулық ішіндегі берілетін тақырыптық материалдар Кембридж оқыту жүйесіндегі бағдарламамен сәйкестендірілсе, оқулық жүйеленеді, оқушылардың пәнді терең оқып үйренуге қызығушылығы артар еді.

1. *8 сыныпқа арналған «Дүние жүзі тарихы» Оқулығы.*

Авторлары: Н.Алдабек., Р.Бекіш.К.Қожахметұлы.,К.Мақашева, Қ.Байбақова.

Баспа, шыққан жылы: «Мектеп» 2012 жыл

Оқулық басылымының мазмұны:

Оқулық атауы оқу пәнінің атауына сәйкес. Оқу жүктемесі бойынша жылына 34 сағат арналған.

«Мектеп» баспасынан жарыққа шыққан жалпы білім беретін мектептің 8 сынып оқушыларына арналған дүниежүзі тарихы бойынша оқулығы МЖББС типтік оқу жоспарындағы пәннің мазмұндық желісіне толықтай сәйкес келмейді, себебі 2013 жылы қолданыстағы оқу бағдарламасы әзірленген еді. Ал, оқулық 51 сағаттық 2010 жылғы оқу бағдарламасына негізделіп жазылған.

Тақырыптар көлемі өте күрделі және артық мәліметтер берілген. Бұл 8-сынып оқушыларының мәтінді меңгеру барысында қиындықтар туғызады. Мәселен: §1 параграфта барлығы 10 бет берілген, §2 параграфта барлығы 15 бет берілген, §3 параграфта барлығы 15 бет берілген, §4 параграфта барлығы 10 бет берілген, §18 параграфта барлығы 12 бет берілген, §21 параграфта барлығы 14 бет берілген, §30 параграфта барлығы 10 бет берілген.

Тақырып көлемінің мұндай көп болуы белгілі кедергілер келтіруі мүмкін.

Оқулық мазмұны пәндік оқу бағдарламасының негізгі мазмұндық желісіне толық сәйкес емес.

Ғылыми ақпарат және оқу басылымы мазмұны оқушыларды оқыту және дамыту мақсаттарына сәйкестігі:

-Оқулық мазмұнындағы мәтіндерде жазу стилі өте күрделі.

-Оқушылардың түсініп оқуына қиындықтар тудырады.

-Тақырыптарда тарихи күрделі мәліметтер жиі берілген.

-Хронологиялық даталар өте жиі берілген.

- Оқушылар тақырыпты түсінікті меңгеру үшін маңызды даталарды ғана қалдыру керек.

-Тақырыптың мазмұнында қосалқы сөздер өте көп пайдаланылған

- Мәтін түсінікті болу үшін нақты, қысқа, тұжырымды етіп берілуі қажет.

- Оқушы дүние жүзі елдеріндегі саясаттарының ұқсастығын, түпкі мәні мен мақсат-мүддесін анықтауы қажет, сол себептен нақты және түсінікті берілуі керек .

Әлем елдері тарихына арналған тақырыптарда Қазақстан тарихымен, жалпы өзге пәндермен байланысы жеткіліксіз.

Оқу басылымының құрылымы:

Оқулық мазмұнын баяндауда бірізділік пен жүйелілік сақталмаған. Сөйлемдер қисындылығы сақталмаған. Мәтінмен жұмыс барысында мазмұнын ұғынуда қиындықтар тудыратын тақырыптар бар. Тақырып соңындағы тапсырмалар оқушы күзиреттілеттігін және ойлау қабілеттерін дамытуға арналмаған.

Оқулық бөлім атаулары мен тақырыптардың сәйкес келмеуі, тақырыптар реттілігінің орналасу тәртібі сақталмаған.

Оқу әдістемелік кешен:

Оқулық соңында әр елдердің тарихына қатысты тақырыптық карталарды қосымша беру ұсынылады. Оқулықта карта мүлдем берілмеген.

1.3. Оқулықтың көркем безендірілуі талапқа сай. Оқулықтың барлық беттері нөмірленген, сапалы ақ қағаздан жасалып жақсы түптеліп, бекітілген.

- *Сараптамалық қорытынды:* Жалпы білім беретін мектептің 8 сынып оқушыларына арналған «Дүниежүзі тарихы» оқулығы өңдеуге ұсынылады.

Таңдап алынған осы 3 оқулық туралы айтатын болсақ, соңғы қайта басылып шыққан оқулықтар үстіміздегі жылдың сәуір айында өткізілген Астана қаласы жалпы білім беретін мектептерінің ұстаздарынан құралған сараптамашылар тарапынан ерекше ескерту тудырмайды, дегенмен, сараптама барысында 7 – 8 сыныптарға арналған «Қазақстан тарихы» мен «Дүние жүзі тарихы» оқулықтарының мазмұнында (хронологиялық, терминологиялық, тақырыптық карталар, тарихи тұлғаларға, мазмұнын ұғынудағы қиындықтарға қатысты) кемшіліктері байқалады; ұстаздар тарапынан жасалынған ескертулер, ұсынымдар мен ұсыныстар принципті түрде емес.

2 Оқушылардың «Қазақстан тарихы» мен «Дүние жүзі тарихы» пәндері бойынша дайындық деңгейі

Қазақстанда Оқушылардың дағдылары мен білімі, білім беру ұйымдары беріп жатқан білім беру қызметтерінің тиімділігі іске асуда білім берудің Ұлттық жүйесі табысты жұмыс істеп келеді [12].

2.1 Оқушылардың оқу үлгерімін мониторингтік зерттеу нәтижелері

Мониторингтік зерттеуді жүргізудің мақсаты Қазақстандағы жалпы білім беретін мектептердің «Қазақстан тарихы» және «Дүние жүзі тарихы» бойынша білім беру үдерісінің, білім алушылардың дайындық деңгейінің жағдайын анықтау болып табылды.

Зерттеу келесі міндеттерді шешуге бағытталған:

- жалпы білім беретін мектептерде «Қазақстан тарихы» және «Дүние жүзі тарихы» бойынша оқушылардың білім сапасын анықтау;
- зияткерлік жарыстарға оқушылардың қатысу дәрежесін бағалау;
- оқушылардың зияткерлік біліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары тиімділігінің дәрежесін анықтау;

Мониторингтік зерттеулер он екі облыста өткізілді: Ақмола, Алматы, Шығыс-Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Жамбыл, Павлодар, Солтүстік-Қазақстан, Астана және Алматы қалаларының жалпы білім беретін мектептерінде өткізілді. Жалпы білім беретін мектептердің 5-11 сынып оқушыларының тарих пәні бойынша оқу үлгерімі мен сапасы туралы мәлімет білім беру деңгейлері бойынша 1,2,3,4 кестелерде ұсынылған.

Мониторинг барысында пән бойынша оқу бағдарламасында қарастырылған, оқу-танымдық қызмет әдістері мен білім алушылардың білімді игеруі тексерілді. Бақылау жұмысының мазмұнына ағымдағы оқу жылында зерделенген мәселелер қарастырылды.

V-VIII сыныптардан білім алушыларға таныс, көптеген оқу-танымдық қызметтің әдістері тапсырмаларды орындау үшін қажет болды.

Мысалы, V сыныптан бастап оқушылар тарихи оқиғалар арасындағы себеп-салдар байланыстарын анықтауды, тарихи ұғымдардың мазмұнын ашуды, тарихи оқиғаларды уақытымен шектеуді; VI сыныптан бастап олардың негізінде қортындыларды құрастырады; VII сыныптан бастап тарихи фактілерді жіктейді және жүйелейді; VIII сыныптан бастап – тарихи оқиғаларды сипаттайды және талдайды осындай оқу-танымдық қызметтің әдістерін игере бастайды.

Жоғары сыныптағылар үшін оқу бағдарламаларында қарастырылған тарихи фактілерді талдау кезінде оқушылар өз көзқарасын дәлелдермен көрсетеді. Мониторинг барысында барлық тексерілетін тарихи білім мазмұнының элементтері жалпы орта білім беру ұйымдарының IX және XI сыныптар үшін дүниежүзі тарихы бойынша оқу құралдарында көрініс тапқан. Оқушылардың функциональдық жайы (оқу үдерісінде білім

алушылардың жеке-психологиялық ерекшеліктерін ескере) мен пән бойынша білім беру үдерісін ұйымдастыру сапасына ықпал ететін, «Тарих» пәні бойынша білім алушылардың оқу қызметінің нәтижелері, факторлары зерделенді. Оқу жетістігінің маңызды көрсеткіші білім алушылардың білім, білік, дағды сапасы, олардың оқуға деген қызығушылығы, жетістікке жетуге жоғары ынтасы болып табылады. Заманауи білім беру технологияларын оқыту тәжірибесінде қолдану оқу сапасын көтерудің, білім алушылардың зияткерлік, шығармашылық және адамгершілік дамуының міндетті талабы болып табылады. Тарихи білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша оқытудың дәстүрлі әдістерін толықтырады және оқушылардың білім сапасына үздіксіз ықпал етеді.

Қазақстан тарихы пәнінен оқу үлгерімі мен білім сапасы

Салыстырмалы талдау көрсеткендей, Қазақстан тарихы пәнінен 5-11 сыныптарда орташа балдың 73%-дан 68%-ға төмендегенін көруге болады. Сонын ішінде: Жамбыл 64%-дан 62%-ға, Павлодар 74%-дан 71%-ға, Солтүстік Қазақстан 74%-дан 73%-ға төмендеген.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша қазақ тілінде оқытылатын мектептердің білім алушыларының білім сапасын көтерудің тұрақты тенденциялары келесідей аймақтар бойынша байқалды: Алматы, Маңғыстау, Батыс-Қазақстан, Ақмола облыстары мен Алматы, Астана қалалары. Демек, тарих пәні мұғалімдерінің жоғары біліктілігі, пән бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың сапасы туралы, олардың оқытудың жаңа технологияларын қолдану туралы айтуға болады, білім алушылардың білім сапасы көрсеткіштеріне ықпал етеді.

4-кесте – Қазақстан тарихы пәнінен оқу үлгерімі мен білім сапасы (қазақ тілді мектептер)

Облыс	2012-2013 оқу жылы			2013-2014 оқу жылы			2014-2015 оқу жылы		
	барлығы	үлгерім	Білім сапасы	барлығы	үлгерім	Білім сапасы	барлығы	үлгерім	Білім сапасы
Астана қ.	45140	100	70	27151	100	70	30695	100	71
Алматы қ.	39989	100	66	42028	100	67	46481	100	75
Ақмола	23883	100	65	25070	100	68	27012	100	67
Алматы	109344	94,8	58	111678	94,8	58	109737	94,8	59
БҚО	36960	99,9	72	34374	99,9	73	35255	99,1	72
Маңғыстау	46621	99,4	61	46856	99,4	62	49239	99,5	62
ШҚО	55728	100	67	51962	100	63	13038	100	67
Жамбыл	77098	86,6	64,0	76047	85,8	64,3	77503	89,7	62,2
Қызылорда	72583	100	74,6	68412	100	75,7	67268	100	74,9
Қостанай	16584	99,9	62	17322	99,9	62	17721	99,9	62
Павлодар	22149	99,9	74	21382	100	76	21939	100	71
СҚО	13140	98	74	12235	98	74	12132	98	73
Жалпы	559219	97,6	73	534517	98,15	68	508020	98,4	68

Дереккөзі: облыстар мен Астана, Алматы қалалық білім басқармаларының мәліметі

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша қазақ тілінде оқытылатын мектептердегі білім алушылардың сапасын көтерудің өзіне тән сипатына қарамастан, еліміздің көптеген облыстарында пән бойынша білім алушылардың білім сапасының орта көрсеткіштен 5,2% төмендегені байқалады.

Сонымен қатар, мониторингтік зерттеу нәтижелері бойынша білім алушылардың оқу тапсырмаларын орындауға талдау жасалды:

1. Белгілі бір тарихи кезеңге қатысты негізгі оқиғаларын атау, тарихи ұғымдарды көрсету қажет тапсырмаларды білім алушылар нәтижелі орындады


2. Ең күрделі деңгейдегі тапсырмаларды орындауда үшінші білім алушы өтпеді, шамамен олардың 70% қате жіберді немесе тапсырмаларға толық емес жауап берді, онда толығымен мемлекет пен қоғамның тарихи дамуының келесі кезеңдері үшін сол немесе басқа оқиғалардың маңызын көрсету, олардың экономикалық, саяси және әлеуметтік жағдайын сипаттау керек болды.

3. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша білім алушыларда тарихи фактілер арасында себеп-салдар байланыстарын анықтау, өтілген тақырып бойынша қортындылау, тарихи келешекті көру білігі бойынша көптеген қиындық келтірген тапсырмалар болды.

4. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша тест тапсырмалары сараптамалық талдауды талап етеді, білім алушылардың жартысынан көбі толық жауап бермеді немесе берілген тапсырмаларды орындауға кіріспеді.

Осылайша, жоғарыда көрсетілген талдаудан пән бойынша мұғалім қызметінің негізгі бағыттары мен міндеттерін бөлуге болады, жүзеге асыру тарихи білім сапасын көтеруде, оқу үдерісін жетілдіру үшін, білім алушыларда функциональдық сауаттылықты қалыптастыруда маңызды.

2013-2014 және 2014-2015 оқу жылдарында қазақ тілді мектептердің «Қазақстан тарихы» бойынша оқу үлгерімі мен білім сапасы 65%-дан 66%-ға өскенін көруге болады. Бұл еліміздің көптеген облыстарында, білім беру үдерісінің сапасын көтеру мен жетілдіру туралы дәлелдер және тарих мұғалімдерінің біліктілігіне сәйкес жағымды тенденция болып табылады. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша 4 облыста: Жамбыл, Қызылорда, Павлодар және Солтүстік-Қазақстан облыстарында білім алушылардың білім сапасы сәл төмендеген (1-сурет).




1- сурет – Қазақ тілді мектептердегі оқушылардың білім сапасының салыстырмалы динамикасы (%)

5- кесте – Қазақстан тарихы пәнінен оқу үлгерімі мен білім сапасы (қазақ тілді емес мектептер)

Облыс	2012-2013 оқу жылы			2013-2014 оқу жылы			2014-2015 оқу жылы		
	барлығы	үлгерім	Білім сапасы	барлығы	үлгерім	Білім сапасы	барлығы	үлгерім	Білім сапасы
Астана қ.	37840	100	72	19851	100	68	23395	100	71
Алматы қ.	48293	100	66	48309	100	66	51146	100	75
Ақмола	35659	99,8	63	34169	99,8	64	33105	99,8	64
Алматы	39680	94,8	56	39351	94,8	56	38369	94,8	56
БҚО	15200	85,02	67	14201	97,8	69	15191	96,7	68
Маңғыстау	6981	99,3	61	7149	99,4	61	6333	99,4	62
ШҚО	44155	100	58	42949	100	55	17690	100	61
Жамбыл	27121	72,2	60	25728	66,8	60	25297	70,6	54
Қызылорда	4851	100	78	4862	100	79	4812	100	78
Қостанай	43128	99,8	62	40767	99,8	62	40767	99,8	62
Павлодар	28338	100	67	27343	100	70	26562	100	68
СҚО	31245	98	66	29633	98	67	28699	98	67
Жалпы	362541	95,7	64,6	334309	96,3	64,6	311366	96,5	65,5

2013-2014 және 2014-2015 оқу жылдарында қазақ тілді емес мектептер оқушыларының білім сапасының сараптамасы «Қазақстан тарихы» бойынша келтірілген 12 аймақ бөлісінде орташа балдың жағымды өсу динамикасы байқалады. ол дегеніңіз тарихтан білім беру сапасының артқанын байқатады. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша білім алушылардың білім сапасы Жамбыл облысында (59 % до 54 %), сонымен қатар Астана қаласында (72% -ден 71 %-ке дейін) төмендеген (2-сурет). Бұл аймақтардағы пән бойынша білім алушылардың білім сапасының төмендеу себептерін кеңейтілген талдау мен қосымша жағдаяттарды зерделемей білім сапасының төмендеу себептерін нақты көрсету мүмкін емес.



2- сурет – Қазақ тілді емес мектептердегі оқушылардың білім сапасының салыстырмалы динамикасы (%)

Осылайша, қорытынды жасауға болады, білім сапасымен қамтамасыз етудегі негізгі жауапкершілік мектеп әкімшілігіне қатысты, алға қойған мақсаттарды жүзеге асыру үшін барлық қажетті жағдайлар жасалу қажет, ол үшін басқару қадамдарын дұрыс жолға қойып, барлығынан бұрын мұғалімдердің соның ішінде тарих мұғалімдерінің педагогикалық шеберлігін көтеру бойынша жұмыстар жүзеге асырылу керек. Тарихи білім берудің сапасы сапасыз оқыту және мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін көтерусіз мүмкін емес, пәндік әдістемелік бірлестіктердің жұмысына олардың белсенді қатысуын, оқытудың инновациялық әдістерін қолдану, тарихтан білім беруді акпараттандыруды жобалайды. Білім алушылардың тарихтан білімінің базалық деңгейіне жету бойынша тарих мұғалімдерінің қызметі, оларды жақсы оқуға ынталандыру, олимпиадаларға және түрлі тарихи конкурстарға қатысу, білім алушылардың функциональдық сауаттылығын қалыптастыруға назар аудару, мұғалімдердің өз білімін жетілдіруі және олардың жетістігі білім алушылармен жұмыстың жаңа әдістерін енгізу, оқытудың жаңашыл технологияларын белсенді іздеу, тарихи білім берудің мүмкіндігін кеңейту қарастырылады.

Дүние жүзі тарихы пәнінен оқу үлгерімі мен білім сапасы

Бір қатар жылдар бойы тарихи білім беруде сабақтастық мәселелерінде, білім алушылардың оқудың негізгі орта деңгейінен келесі сатысына өту кезінде материалдарды игеруде, түрлі тарихи құбылыстар мен себеп-салдар байланыстарын анықтауда қиындық келтіретініне ерекше назар аударылады.


Осы мақсатта педагогикалық кеңестерде «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша білім беру сатылары арасындағы алшақтықтарды жою мен білім алушыларға біріңғай талаптар жасау үшін бағдарламалық талаптар талқыланады.

«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша білім алушылардың оқу қызметі нәтижелерін ескерген факторлар, мониторингтік зерттеулер барысында зерделенді, пән бойынша білім алушылардың жалпы оқу біліктерін қалыптастырудың жеткілікті деңгейін көрсетті. «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша қазақ тілінде оқытатын мектептердің білім алушылардың оқу сапасын талдау нәтижелері білім алушылардың оқуға деген тұрақты ынтасының бар екендігін көрсетті. «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша білім сапасы үш оқу жылы бойы (2013-2014, 2013-2014, 2014-2015) 60%- тен жоғары сапа көрсеткішін сақтаған.

6 - кесте – Дүние жүзі тарихы пәнінен оқу үлгерімі мен білім сапасы (қазақ тілді мектептер)

Облыс	2012-2013 оқу жылы			2013-2014 оқу жылы			2014-2015 оқу жылы		
	барлығы	үлгерім	Білім сапасы	барлығы	үлгерім	Білім сапасы	барлығы	үлгерімі	Білім сапасы
Астана қ.	37840	100	68	22010	100	68	24751	100	70,3
Алматы қ.	39989	100	73	42028	100	72	46481	100	66
Ақмола	21634	100	64	22829	100	68	24201	100	68
Алматы	91308	94,8	58	92803	94,8	60	90171	94,8	58

БҚО	30847	85,6	61	30546	84,1	63	29023	84,1	61
Маңғыстау	46621	99,3	61	46856	99,4	61	49239	99,5	62
ШҚО	55728	100	66	51962	100	60	11703	100	62
Жамбыл	64322	88,9	63	63090	87,0	64	63424	88,0	62
Қызылорда	61354	100	76	58047	100	75	56551	100	76
Қостанай	13588	99,9	61	14317	99,9	62	14673	100	61
Павлодар	18586	99,9	74	17692	100	76	17776	100	74
СҚО	10697	98	76	10302	98	75	9973	98	67
Жалпы	492514	97,2	67	472482	97	67	437966	97,0	66



3 - сурет – Қазақ тілді мектептердегі оқушылардың білім сапасының салыстырмалы динамикасы (%)

«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша оқыту тиімділігінің төмендеу себептері: «білім алушыларда жалпы оқу білігін қалыптастырудың төмен деңгейі», «білім алушылардың оқу қызметі ынтасының төмендеуі», тарих пәні мұғалімдерінің инновациялық оқу технологияларын қолданбауы.

Білім алушылардың жалпы оқу білігінің қалыптасуының жоғары емес деңгейі жүргізілген мониторингтік зерттеулердің нәтижесімен дәлелденеді.

«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша білім алушылардың едәуір бөлігі келесідей жалпы оқу білігін жетілдіру керек;

- ✓ Оқу материалын ойланып есте сақтау;
- ✓ өзінің оқу қызметінің нәтижелерін бақылау, бағалау және түзету;
- ✓ оқу материалдарын талдау, қорытындылау, жүйелеу;
- ✓ өзінің оқу қызметін тиімді ұйымдастыру;
- ✓ оқу пәні бойынша оқулықтармен, қосымша әдебиеттермен өз бетінше жұмыс істеуді үйрену.


Сонымен қатар, білім алушыларда өзіндік бағалау білігінің қалыптаспағандығы туралы қорытынды жасап, педагогтар тарапынан білім алушылардың оқу жетістігін ақиқатты бағалаудың жеткіліксіздігі, бақылау-бағалау қызметін және оқушылардың білімі мен білігін түзету бойынша жұмыстардың тиімсіз ұйымдастырылуы.

2013-2015 жылдар аралығында қазақ тілді (Т1) мектептердің Дүние жүзі тарихы бойынша оқу үлгерімі мен білім сапасы келтірілген 12 аймақ

бөлісінде орташа балдың жағымсыз төмендеген динамикасы байқалады. Сонын ішінде Алматы қаласы 73%-дан 66%-ға, Жамбыл 63%-дан 62%-ға, Шығыс Қазақстан 66%-дан 62%-ға, Солтүстік Қазақстан 76%-дан 75%-ға төмендеп, жалпы орташа 67%-дан 66%-ға төмендегенін көруге болады (3-сурет).

7- кесте – Дүние жүзі тарихы пәнінен оқу үлгерімі мен білім сапасы (қазақ тілді емес мектептер)

Облыс	2012-2013 оқу жылы			2013-2014 оқу жылы			2014-2015 оқу жылы		
	барлығы	үлгерім	Білім сапасы	барлығы	үлгерім	Білім сапасы	барлығы	үлгерім	Білім сапасы
Астана қ.	29636	100	68	15729	100	69	20086	100	70
Алматы қ.	48293	100	73	48309	100	72	51146	100	67
Ақмола	32510	100	64	31101	100	62	30048	100	62
Алматы	33395	94,8	58	32867	94,8	56	31280	94,8	56
БҚО	15200	85,02	61	14201	97,8	69	15191	96,7	68
Маңғыстау	6981	99,2	61	7149	99,3	61	6333	99,4	62
ШҚО	44155	100	66	42949	100	56	17690	100	61
Жамбыл	22982	74,1	63	21546	70,4	59	20711	71,3	54
Қызылорда	4052	100	76	4051	100	79	4022	100	79
Қостанай	35654	99,7	61	33341	99,7	61	33283	99,8	61
Павлодар	24103	100	74	22715	100	71	21778	100	74
СҚО	25241	98	76	24386	98	68	22240	98	67
Жалпы	322202	96	65	298344	96,6	65	273808	97	65



4 - сурет – Қазақ тілді емес мектептердегі оқушылардың білім сапасының салыстырмалы динамикасы (%)

2013-2015 жылдар аралығында қазақ тілді емес (Т2) мектептердің Дүние жүзі тарихы бойынша оқу үлгерімі мен білім сапасы келтірілген 12 аймақ бөлісінде орташа балдың жағымды өсу динамикасы байқалады. Тек Жамбыл 56%-дан 54%-ға, Алматы қаласы 73%-дан 67%-ға, Шығыс Қазақстан 64%-дан

61%-ға төмендеп, жалпы орташа 65% -дық тұрақты динамикасын көре аламыз (4-сурет).

«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша оқыту тілі қазақ тіліндегі емес жалпы білім беретін мектептердің білім алушыларының оқу жетістігінің статистикалық үрдісі 2013-2014 және 2014-2015 оқу жылындағы білім алушылардың оқу сапасы өзгеріссіз 65 % көрсеткішті құраған. Дегенмен, облыстардың жартысына жуығы «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша білім алушылардың білім сапасының көрсеткішінің (Ақмола, Маңғыстау, Қостанай, Павлодар, Батыс-Қазақстан облыстарында) жоғарылағанын көрсетті.

Көптеген оқушылардың пікірінше, «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша оқу материалдарын жетістікпен игеруге кедергі келтіретіндер алдыңғы өткен материалдардың тақырыптары бойынша олқылықтардың болуы, өзіндік жұмыс дағдысының болмауы ықпал еткен.

«Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша білім алушылардың қызығушылығын оқу пәнінің мазмұнымен, жоғары баға алуға деген ынтасымен, оқу материалын оқыту сапасымен түсіндіреді.

Тарих пәні бойынша сапалы білім алудың маңызды шарты білім алушылардың өзіндік жұмысын сапалы орындау, білім алудың барлық деңгейіндегі өзіндік жұмысты орындау дағдысын дамыту болып табылады.

Мониторингтік зерттеу нәтижелеріне сәйкес білім алушылар «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша әр қашанда емес немесе өзіндік жұмысты орындамайды.

Мониторинг нәтижелері «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша білім беру үдерісін жетілдірудің келесідей бағыттарын анықтауға мүмкіндік берді:

1. Тарих пәнін оқыту үрдісінде әрбір білім алушылардың жеке-психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, әрбір білім алушыны бағдарламада қарастырылған оқу-танымдық қызметтің әдістерін игеру; тарихи ұғымдардың маңызды белгілерін бөлу, тарихи фактілерді уақыт бойынша шектеу, тарихи фактілерді бағалау және сипаттау, тарихи фактілер арасында себеп-салдар байланыстарын ашу.

2. Оқу сабақтарында білім алушылардың оқу қызметінің нәтижелері өзіндік жұмыстың мазмұны мен көлемін анықтау кезінде ескеріліп; оқу пәнін зерделеу үрдісінде тапсырмаларды өз бетінше орындау мазмұны және мағынасын түсіндіру;

3. Әрбір сабақ барысында оқушылардың білімі мен білігін бақылаудың әдістері мен түрлері, жабдықтарын жете ойластырып, жаңа оқу материалын зерделеу кезінде біліміндегі олқылықтарды жеңуге мүмкіндік береді.

4. «Дүниежүзі тарихы» пәнін зерделеу барысында әрбір білім алушының дамуының жеке траекториясын бейімдеу мақсатында білім алушылардың ауызша және жазбаша жауаптарын сапалы талдауды жүйелі өткізу.

5. «Дүниежүзі тарихы» бойынша білім алушылардың білімі мен білігін түзету әдістерін тиімді қолдану және оқыту үрдісінде білім алушылардың жалпы оқу білігін дамыту.

2.2 Қазақстан тарихы пәнінен олимпиадалар мен ғылыми жарыстары

Мектептің жұмыс барысының маңызды көрсеткіштерінің бірі ол оқушыларының пән олимпиадасына қатысуы болып табылады. Жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиаданы жыл сайын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) және тұрақты жұмыс істейтін ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі – ұйымдастыру комитеті) облыстық білім беру басқармалары өткізеді.

«Бұлақ көрсең, көзін аш» дейді халық даналығы. Алысқа қанат сермейтін талантты оқушыларға бағыт-бағдар бере отырып, жеке тұлғаның қалыптасуына жағдай жасау мақсатында білім берудің бірнеше бағыттары бойынша жүзеге асырылатын іс-шаралар аз емес. Солардың бірі – олимпиадалар мен ғылыми жоба сайыстары болып табылады.

Олимпиаданың негізгі мақсаттары мен міндеттері: ғылыми білімді насихаттау және оқушылардың ғылыми қызметке қызығушылығын дамыту, дарынды балаларды анықтау үшін қажетті жағдай тудыру, халықаралық олимпиадаларға қатысатын оқушыларды іріктеу және даярлау, сонымен қатар Қазақстан Республикасында білімнің беделін көтеру болып табылады.

Осы мақсатта әр жыл сайын тарих пәндерінен аудандық (қалалық), облыстық, республикалық пән олимпиадалары мен ғылыми жоба конкурстары өткізіледі.

2011-2012 оқу жылында қатысқан оқушылардың 49% республикалық пән олимпиадасына, 54% республикалық ғылыми жарыстардан жүлделі орындар иеленді.

8 - кесте – Қазақстан тарихы пәнінен республикалық олимпиада мен ғылыми жобалары туралы ақпарат

№	Облыс атаулары	2011 - 2012 оқу жылы			
		Республикалық олимпиада		Республикалық ғылыми жобалар конкурсы	
		Катысушы	Жеңімпаз	Катысушы	Жеңімпаз
1	Ақмола	4	1		
2	Астана қ	4	2	5	5
3	Ақтөбе	4	2	1	
4	Алматы қ	4	4	6	4
5	Алматы	4	1	2	
6	Атырау	4			
7	Шығыс Қазақстан	5	1		
8	Жамбыл	4	2		
9	Батыс Қазақстан	6	3	1	1
10	Қарағанды	7	5	2	1
11	Қостанай	4	1	1	0
12	Қызылорда	3	1		
13	Маңғыстау	4	2	2	1

14	Павлодар	4	4	2	
15	Солтүстік Қазақстан	4	2	1	
16	Оңтүстік Қазақстан	4	2		
17	О.Жәутіков ат. МФММИ	4	3		
18	Абай ат.РММИ				
19	Назарбаев Зияткерлік мектебі	2		1	1
20	Б.Момышұлы ат. АРМИ				
Барлығы		75	37	24	13
<i>Дереккөзі: «Дарын» РҒПО мәліметтері</i>					


2011-2012, 2012-2013 және 2013-2014 оқу жылдарында тарих пәнінен республикалық олимпиадаларға 201 мектеп оқушылары қатысып, солардың ішінде 46%-ы яғни, 97 оқушы жүлделі орынға ие болған. Бұл тарих пәнінен оқытудың сапасын айта алады.

9 - кесте – Аймақтар бөлісінде тарих пәнінен олимпиада жүлдегерлері туралы ақпарат

Аймақ	2011-2012	2012-2013	2013-2014
	Жүлдегерлер	Жүлдегерлер	Жүлдегерлер
Ақмола	1	0	1
Ақтөбе	2	1	2
Алматы	1	0	2
Атырау	0	3	1
ШҚО	1	0	3
Жамбыл	2	5	1
БҚО	3	1	3
Қарағанды	5	3	3
Қостанай	1	2	3
Қызылорда	1	1	1
Маңғыстау	2	1	1
Павлодар	4	4	2
СҚО	2	1	1
ОҚО	2	1	2
Алматы қ.	5	2	2
Астана қ.	2	3	1
О.Жәутіков ат. МФММИ	3	1	4
НЗМ	0	1	0
Барлығы	37	29	32
<i>Дереккөзі: «Дарын» РҒПО мәліметтері</i>			

Тарихтан пәндік олимпиадалардың өткізу нәтижесі бойынша көш бастап тұрған Алматы мен Астана қалалары, Қарағанды, Қостанай, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Шығыс Қазақстан облыстарының оқушылары болып отыр.

Қазақстан тарихынан республикалық олимпиада жеңімпаздары санының салыстырмалы динамикасы аймақтар бөлісінде 5-бсуретте көрсетілген. Бұл тарих пәні бойынша олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлделерлерінің өсу үдерістерінің жоқ екенін көрсетеді.




5 - сурет – Тарих пәнінен республикалық олимпиаданың салыстырмалы динамикасы

Дәл осы пән олимпиадаларының нәтижелерін мерзімді сараптамамен қамтамасыз ету ұстаз деңгейінде, мектеп әкімшілігі деңгейінде де тарих пәні бойынша осы бағытта перспективалық жоспарлауға маңызды болып табылады.

10 - кесте – Аймақтар бөлісінде ғылыми жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздары туралы ақпарат

Облыс	2011-2012		2012-2013		2013-2014	
	қатысушы	жеңімпаз	атысушы	жеңімпаз	қатысушы	жеңімпаз
Ақмола	0	0	0	0	0	0
Ақтөбе	1	0	2	1	3	0
Алматы	6	4	4	4	6	1
Атырау	0	0	5	3	5	2
ШҚО	0	0	1	2	2	1
Жамбыл	0	0	0	0	2	0
БҚО	1	1	3	3	3	1
Қарағанды	2	1	3	3	3	1
Қостанай	1	0	4	1	2	0
Қызылорда	0	0	1	1	0	0
Маңғыстау	2	1	0	0	1	0
Павлодар	2	0	3	3	4	2
СҚО	1	0	1	0	3	0
ОҚО	0	0	4	0	1	2
Алматы қ.	6	4	4	4	6	1
Астана қ.	5	5	3	1	2	1
Абай ат.РММИ	0	0	0	0	0	2
Назарбаев Зияткерлік мектебі	1	1	0	0	0	2
Барлығы	24	13	38	23	44	21




6 - сурет –Қазақстан тарихы пәнінен ғылыми жарыстарының салыстырмалы динамикасы

2.3 Дүние жүзі тарихы пәнінен олимпиадалар мен ғылыми жарыстар

Дүние жүзі тарихы пәнінен республикалық пән олимпиадасы мен ғылыми жарыстар өткізілу тәртібін айтып кететін болсақ, 2011-2012 оқу жылында пән олимпиадасына 59 оқушы қатысқан болса, оның 23-і жүлделі орындарға ие болған. Ал, ғылыми жарыстар өткізілмеген. 2012-2013 оқу жылында пән олимпиадасында 66 оқушы қатысқан болса, оның 32-і жүлделі орындарға ие болып, ғылыми жарыстар бойынша 15 оқушы қатысып, 8-і жүлделі орындарға ие болған еді. 2013-2014 оқу жылында пән олимпиадасына 70 оқушы қатысқан болса, оның 47-і жүлделі орындарға ие болып, ғылыми жарыстарға 45 оқушы қатысып, 11-і жүлделі орындарға ие болыпты. Жалпы сараптама көрсеткендей Дүние жүзі тарихы пәнінен пән олимпиадасы мен ғылыми жарыстарға қатысу белсенділігі өте бәсең екенін көрсетіп отыр.


2011-2012 оқу жылында республикалық пән олимпиадасына Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Алматы облыстарының (4 қатысушының 3-еуі орын алды) қатысушылары 75%, Маңғыстау облысынан (3 қатысушының 2-еуі орын алды) қатысушылардың 66,6%, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан облыстары мен Алматы қаласынан (4 қатысушының 2-еуі орын алды) қатысушылардың 50%, Қарағанды облысынан (7 қатысушының 3 орын алды) қатысушылардың 42,8% жүлделі орындарды иеленген. Атырау, Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстары мен Назарбаева Зияткерлік мектептері оқушылары ешқандай орын иеленбесе, Ақмола, О.Жәутіков ат. РМФММИ, мен Б. Момышұлы атындағы республикалық әскери-мектеп интернатынан пән олимпиадасына қатысушылар жоқ (7 - сурет).



7 - сурет – 2011-2012 оқу жылында дүние жүзі тарихынан республикалық пән олимпиадасына қатыскандар туралы ақпарат

2012-2013 оқу жылында Республикалық пән олимпиадасында қатысқан оқушылардың 48,4%, республикалық ғылыми жарыстардың 53,3% жүлделі орындар иеленді.

Республикалық ғылыми жарыстардан Атырау облысы мен Алматы қаласы мектептері (2 оқушыдан) 100% көш бастап тұрса, Шығыс Қазақстан мен Алматы облысы мектептері (2 оқушыдан) 50%, Астана қаласы мектептері (4 оқушыдан) 25% межеге жеткен (8 – сурет). Қызылорда облысынан қатысқан 1 оқушы ешқандай орынға ие болмады. Республикалық ғылыми жоба сайыстарына қалған өңірлер қатыспаған немес республикалық деңгейге өте алмады (8 – сурет). 2012 – 2013 оқу жылында аталған аймақтар республикалық ғылыми жарыстардан ең жоғарғы көрсеткіштерге жеткен.




8 - сурет – 2012 – 2013 оқу жылында аталған аймақтар республикалық ғылыми жарыстардан ең жоғарғы көрсеткіштер туралы

2013-2014 оқу жылында республикалық пән олимпиадасына қатысқан оқушылардың 67,1% (70 оқушы қатысып, 47-сі жеңімпаз атанған), республикалық ғылыми жарыстар 24,4% (45 оқушы қатысып, 11-і жеңімпаз атанған) жүлделі орындарға ие болған.


2013-2014 оқу жылында Республикалық пән олимпиадасына қатысқан мектеп оқушылары Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстары 100%, Ақтөбе, Маңғыстау облыстары 80%, Атырау, Қостанай, Алматы облыстары 75%, Қостанай облысы мен Алматы қаласы 66,6% көрсеткішті көрсетсе, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары мен Астана қаласы 50% межеге жеткен [13].

Соңғы 3 жылдық динамикалық көрсеткіші республикалық пән олимпиадаларында 52%, республикалық ғылыми жарыстарда 2011-2012 оқу жылында ғылыми жарыстар өткізілмеген, ал 2012-2013 оқу жылында 53% көрсетсе, 2013-2014 оқу жылында 24% көрсетті (9 – сурет).




9 - сурет – 2012-2014 оқу жылында республикалық пән олимпиадаларының салыстырмалы динамикасы

Соңғы үш жылдық салыстырмалы талдау көрсеткендей ең жоғарғы жақсы нәтижеге Дүние жүзі тарих пәні бойынша 2011-2012 оқу жылында Алматы, Қарағанды, Павлодар облысы, 2012-2013 оқу жылында Астана қаласы мен Жамбыл облысы, 2013-2014 оқу жылында тек Оңтүстік Қазақстан облысы ғана қол жеткізген (10-сурет).



10 - сурет – Дүние жүзі тарихы пәнінен республикалық олимпиаданың салыстырмалы динамикасы

Ал, ғылыми жарыстар бойынша Дүние жүзі тарихы пәнінен соңғы үш жылдық салыстырмалы талдау өкінішке орай жағымсыз динамикалық көрсеткішті көрсетіп отыр (11-сурет).



11 - сурет – Дүние жүзі тарихы пәнінен республикалық ғылыми жарыстарының салыстырмалы динамикасы

Мониторинг зерттеулерінің нәтижелері көрсеткендей, тарих пәнінің мұғалімдері пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобаларға көптеген оқушылардың қатысуына, білім алушылардың өмір бойы білім алу қажеттілігін қалыптастыруды, жаңа технологияларды меңгеру және оны қолдануда, өз бетімен шешім қабылдау және топта жұмыс жасауда бар мүмкіндікті қолданбайды. Орындалған ғылыми жоба тек нақты және өзекті болуымен қатар,

практикалық маңызы мен қазіргі жағдайларға сәйкестігі және тарих ғылымдарының дамуына қосар үлесін ескеруі керек.

2.4 «Қазақстан тарихы» мен «Дүние жүзі тарихы» пәндерінен ҰБТ нәтижелері

ҰБТ- ол жалпы орта білім беру ұйымдары бітірушілерінің қорытынды мемлекеттік аттестатталуы, білім ұйымдарынан тәуелсіз жалпы орта білім сапасын бағалайтын, жаңа технологияларға негізделген мемлекеттік жүйе.

Негізгі міндеті – мемлекеттік қадағалау арқылы білім сапасын әділ бағалау. ҰБТ - оқушылар мен ұстаздардың бірлескен еңбегін бағалайтын, білім сапасына қол жеткізетін өте дәл көрсеткіш болып табылады


Қазақстан тарихы 2008 жылдан бастап ұлттық бірыңғай тестілеудің (ҰБТ) міндетті пәні болып табылады. 2011 жылдан бастап оқушының аталған пәннен жинаған балы ҰБТ-ның сертификатына жазылып, орта білімі туралы аттестатына қойылатын бағаны айқындауда ескеріледі.

Жас қазақстандықтарға патриоттық тәрбие беру, санасында ұлттық бірлікті, жеке тұлғаның қалыптастыру, тәуелсіздікті нығайтуға қызмет ету, заманауи тарихи сананы жаңғырту бүгінгі таңда өзекті болып табылады. ҰБТ-да Қазақстан тарихы пәні– міндетті пән болуы да сондықтан.

«Қазақстан тарихы» пәні оқыту қазақ тілді мектептерінде

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша ҰБТ-ның соңғы 3 жыл ішінде ең жоғары орташа балды Алматы қаласы мектептерінің түлектері алды (18,95 балл), сонымен қатар орташа жоғары балл деңгейі Астана қаласында (17,72 балл) тіркелген. Ал республикалық көрсеткіш 15,67 балды құрады.


Салыстырмалы сараптама нәтижесі көрсеткендей, 2012 және 2014 жылдары Қостанай облысында көрсеткіштердің тұрақты болғанын айта кету керек. 2013 және 2014 жылдардың ҰБТ қорытындысы бойынша Алматы қаласынан кейінгі орташа жоғары деңгейі соңғы екі жыл қатарынан жақсы нәтижелерді Алматы мен Астана қаласының тестілеу қатысушылары көрсетіп отыр (12 – сурет).



12 - сурет – 2013, 2014 жылдардағы ҰБТ орташа балдарының динамикасы

2014 жылы «Қазақстан тарихы» пәні бойынша тестілеуде 87564 адам, сонын ішінде қазақ тілді 61654 адам, орыс тілді 25910 адам қатысты (ҰБТ-ға қатысушылардың жалпы санының 70,0%)[14].

2013 және 2014 жылдары Қазақстан тарихы пәнінен орташа балы Республиканың жеті аймағында республиканың көрсеткішінен жоғары болған (13 – сурет).



13 - сурет – 2013 және 2014 жылдары Қазақстан тарихы пәнінен орташа балл динамикасы

Салыстырмалы талдау нәтижесінде Қазақстан тарихы бойынша ең жоғары көрсеткіш пен ең төменгі көрсеткіштің айырмашылығы 2012 жылы 4,44 балл (Алматы қаласы 17,08 балл, Маңғыстау облысы 12,64 балл), 2013 жылы 5 балл (Алматы қаласы 19,36 балл, Қостанай облысы 14,36 балл), 2014 жылы 7,64 балл (Алматы қаласы 20,43 балл, Атырау облысы 12,79 балл). ҰБТ-ның соңғы 3 жыл ішінде көрсеткіш айырмашылығы 5,69 балды көрсетеді.

Білім беру ұйымдары бөлісіндегі түрінде пәндік сараптамада «Қазақстан тарихы» пәні бойынша ҚТЛ жоғары білім деңгейін (93,97%) көрсетіп отыр.

11 - кесте – Республикалық мектептердің (қазақ сыныптарында) орташа балл динамикасы

Мектеп атауы	2012	2013	2014
О.Жәутіков ат. РМФММИ	21,73	23,47	22,39
Абай ат.РММИ	17,35	21,46	17,46
Б.Момышұлы ат. АРМИ	13,99	18,44	15,89
Барлығы	17,69	21,12	18,58

Дереккөзі: Ұлттық тестілеу орталығының мәліметтері

12 - кесте – Республикалық мектептердің (орыс сыныптарында) орташа балл динамикасы

Мектеп атауы	2012	2013	2014
	О.Жәутіков ат. РМФММИ	19,17	20,56
Абай ат.РММИ	0,00	0,00	0,00
Б.Момышұлы ат. АРМИ	12,34	15,90	15,44
Барлығы	15,75	18,23	17,86


Дереккөзі: Ұлттық тестілеу орталығының мәліметтері

«Қазақстан тарихы» пәні оқыту қазақ тілді емес мектептерінде

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша ҰБТ-ның соңғы 3 жыл ішінде ең жоғары орташа балды Алматы қаласы мектептерінің түлектері алды (16,91 балл), ал республикалық көрсеткіш 15,2 балды құрады.

Салыстырмалы талдаудың нәтижесі көрсеткендей 2012 және 2014 жылдары Солтүстік Қазақстан облысында көрсеткіштердің тұрақты болғанын айта кету керек. 2013 және 2014 жылдардың ҰБТ қорытындысы бойынша Алматы қаласынан кейінгі орташа жоғары деңгейі Астана қаласында тіркелген. Соңғы екі жыл қатарынан жақсы нәтижелерді Алматы мен Астана қаласының тестілеу қатысушылары көрсетіп отыр

2013 және 2014 жылы Қазақстан тарихы пәнінен орташа балы Республиканың жеті аймағында республиканың көрсеткішінен жоғары болған (14-15 – сурет). Оның себебі ұстаздар мен мектеп, аймақтың білім басқармаларының әкімшіліктері тарапынан түлектерді ҰБТ жұмыстарын дайындауды тиімді ұйымдастыра білуінен деп ойлаймыз.




14, 15 - сурет – 2013 және 2014 жылы Қазақстан тарихы пәнінен орташа балдары

Қазақстан тарихы бойынша ең жоғары көрсеткіш пен ең төменгі көрсеткіштің айырмашылығы 2012 жылы 3,93 балл (Алматы қаласы 16,53 балл, Қызылорда облысы 12,60 балл), 2013 жылы 2,86 балл (Алматы қаласы 16,15 балл, Шығыс Қазақстан облысы 13,29 балл), 2014 жылы 7,35 балл (Алматы

қаласы 20,43 балл, Атырау облысы 13,08 балл). ҰБТ-ның соңғы 3 жыл ішінде көрсеткіш айырмашылығы 4,71 балды көрсетеді (16 – сурет).

Қазақстан тарихы пәні бойынша жалпы 3 жылдық ҰБТ көрсеткіштерін салыстырмалы динамикасын қарайтын болсақ, орташа балдарының өсуінің жағымды динамикасы байқалады. 2012 жылмен салыстырғанда 2014 жылдың ҰБТ қорытындысы қазақ тілді мектептерінде 3,3 балға, қазақ тілді емес мектептерінде 1,5 балға көтерілген.



16 - сурет – Аймақтар және республикалық мектептер бөлісіндегі жалпы орташа балдары

Аймақтар бөлісінде 2013-2014 оқу жылындағы ҰБТ-ның салыстырмалы нәтижесінің қорытындысы бойынша «Қазақстан тарихы» пәнінен ең жоғары білім деңгейін Ақмола, Алматы, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары көрсеткен.

«Дүние жүзі тарихы» пәні оқыту қазақ тілді мектептерінде

Дүние жүзі тарихы пәнін мектеп бітіруші түлектер ары қарай оқуын жалғастыруға алдын ала мамандықтарын анықтау үшін тек таңдау пәні ретінде тапсырады. Дүние жүзі тарихын бейіндік пән ретінде таңдаған түлектердің басым көпшілігі дайындық бағыттарына сәйкес республикалық әскери мектеп-интернаттары болып табылады.


13- кесте – Республика бойынша Дүние жүзі тарихын пәнін таңдағандар саны

Облыс атаулары	2012	2013	2014
Ақмола	189	98	101
Алматы	968	645	498
Ақтөбе	386	232	144
Атырау	305	220	194
Батыс Қазақстан	256	146	110
Маңғыстау	236	160	131
Шығыс Қазақстан	444	303	250
Жамбыл	602	415	322
Қарағанды	431	290	263

Қызылорда	267	189	159
Оңтүстік Қазақстан	1179	783	718
Қостанай	190	78	89
Павлодар	139	102	74
Солтүстік Қазақстан	99	62	42
Астана қ.	189	113	156
Алматы қ.	269	157	166
О. Жәутіков ат. Респуб.маманд. физика-матем. мектеп	2	0	1
Абай ат. Респуб. мектеп-интернат	5	2	3
Б. Момышұлы ат. Алматы Республикалық мектеп-интернаты	18	17	22
ҚР	6174	4012	3443
<i>Дереккөзі: Ұлттық тестілеу орталығының мәліметтері</i>			

2012 жылы «Дүние жүзі тарихы» пәнін 9086 адам, сонын ішінде қазақ тілді 6174 адам, орыс тілді 2912 адам таңдаса (ҰБТ-ға қатысушылардың жалпы санының 7,74%), 2014 жылы «Дүние жүзі тарихы» пәні бойынша тестілеуде 5048 адам, сонын ішінде қазақ тілді 3443 адам, орыс тілді 1605 адам тапсырған. (ҰБТ-ға қатысушылардың жалпы санының 5,76%). Салыстырмалы талдау көрсеткендей, 2012 жылмен салыстырғанда, 2014 жылы «Дүние жүзі тарихы» пәнін таңдаушылардың төмендегенін көреміз.

Бұл пән бойынша қазақ тілді мектептерде ҰБТ-ның орташа балының динамикасын көрсететін болсақ (17 – сурет):



17- сурет – ҰБТ-ның орташа балының динамикасы

Дүние жүзі тарихы бойынша ең жоғары көрсеткіш пен ең төменгі көрсеткіштің айырмашылығы 2012 жылы 7,1 балл (О. Жәутіков ат. Респуб.маманд. физика-матем. мектеп 20,05 балл, Абай ат. Респуб. мектеп-интернат 13,40 балл), 2013 жылы 4,09 балл (Алматы қаласы 15,09 балл, Абай ат. Респуб. мектеп-интернат 11,00 балл), 2014 жылы 9,76 балл (О. Жәутіков ат. Респуб.маманд. физика-матем. мектеп 22,00 балл, Солтүстік Қазақстан облысы 12,24 балл). ҰБТ-ның соңғы 3 жыл ішінде көрсеткіш айырмашылығы 6,98 балды көрсетеді [15].

Дүние жүзі тарихы пәні бойынша жалпы 3 жылдық ҰБТ көрсеткіштерін салыстыра қарайтын болсақ, орташа балдарының төмендегені байқалады. 2012 жылмен салыстырғанда 2014 жылдың ҰБТ қорытындысы қазақ тілді мектептерінде 0,2 балға ғана өссе, қазақ тілді емес мектептерінде -1,6 балға төмендегенін көрсетеді.


«Дүние жүзі тарихы» пәні оқыту қазақ тілді емес мектептерінде

«Дүние жүзі тарих» пәні бойынша салыстырмалы талдау кестесі көрсеткендей, ҰБТ-ның соңғы 3 жыл ішінде ең жоғары орташа балды Астана қаласы мектептерінің түлектері алды (15,10 балл), ал республикалық көрсеткіш 13,73 балды құрады.

14- кесте – Республика бойынша Дүние жүзі тарихын пәнін таңдағандар саны

Облыс атаулары	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл
Ақмола	237	144	126
Алматы	330	189	130
Ақтөбе	186	95	87
Атырау	91	66	87
Батыс Қазақстан	118	83	62
Маңғыстау	36	34	23
Шығыс Қазақстан	265	144	142
Жамбыл	137	98	63
Қарағанды	245	186	164
Қызылорда	42	25	27
Оңтүстік Қазақстан	187	128	118
Қостанай	279	155	153
Павлодар	183	122	85
СҚО	188	101	93
Астана қ.	171	99	137
Алматы қ.	181	119	98
О. Жәутіков ат. Респуб.маманд. физика-матем. мектеп	0	0	0
Абай ат. Респуб. мектеп-интернат	0	0	0
Б. Момышұлы ат. Алматы Республикалық мектеп-интернаты	36	19	10
ҚР	2912	1807	1605
<i>Дереккөзі: Ұлттық тестілеу орталығының мәліметтері</i>			

2013 және 2014 жылдардың ҰБТ қорытындысы бойынша Астана қаласынан кейінгі орташа жоғары деңгейі Ақмола облысы мен Оңтүстік Қазақстан облысында тіркелген. Соңғы екі жыл қатарынан жақсы нәтижелерді Астана қаласымен Ақмола облысы мен Оңтүстік Қазақстан облыстарының тестілеу қатысушылары көрсетіп отыр. Бұл пән бойынша ҰБТ-ның орташа балының динамикасы көрсететін болсақ (18 – сурет).



18 - сурет – ҰБТ орташа баллының динамикасы

Дүние жүзі тарихы бойынша ең жоғары көрсеткіш пен ең төменгі көрсеткіштің айырмашылығы 2012 жылы 2,04 балл (Астана қаласы 15,09 балл, Алматы облысы 13,86 балл), 2013 жылы 2,49 балл (Астана қаласы 13,84 балл, Маңғыстау облысы 11,35 балл), 2014 жылы 5,46 балл (Астана қаласы 15,57 балл, Атырау облысы 10,11 балл). ҰБТ-ның соңғы 3 жыл ішінде көрсеткіш айырмашылығы 3,33 балды көрсетеді.

Білім сапасын бақылау, оның тәртібін жетілдіру ұлттық бірыңғай тестілеуге қоғамының назарының күшейгенін жобалайды, олар арқылы ҰБТ нәтижелері бойынша орта білім мәселелеріне ерекше назар аударылады. ҰБТ нәтижелері бойынша оқушылар мәтінді түсіну қабілетіне, берілген ақпаратты сыни тұрғыдан бағалау, деңгейлік тапсырмаларды орындай алмаған. Білім сапасын бағалау саласындағы зерттеулер, жоғарғы деңгейдегі оқу материалдарын оқушылардың болашақтағы жетістігіне кепілдік береді. ҰБТ нәтижелері соңғы үш жылда (2012-2014 жж.) «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша білім алушылардың танымдық қызметін белсенді ету, тарихи фактілерді игеру бойынша мұғалімнің жұмысын жетілдіру қажеттілігі туралы айтуға мүмкіндік береді.

2.5 «Қазақстан тарихы» мен «Дүние жүзі тарихы» пәндерінен оқу жетістіктерін сырттай бағалау нәтижелері

2012 жылдың сәуір айында тұңғыш рет еліміздің барлық өңірлерінде білім беру қызметі сапасын бағалау, оқу үдерістерін ұйымдастыру тиімділігі және оқушылардың негізгі орта білім деңгейлерін анықтау мақсатында ОЖСБ (оқу жетістіктерін сырттай бағалау) жүргізілді.

ОЖСБ – білім беру ұйымына тәуелсіз, оқыту сапасына мониторинг түрлерінің бірі болып табылады. Білім беру қызметтерінің сапасын бағалау және білім алушылардың негізгі орта, жалпы орта білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын және жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттында көзделген оқу пәндерінің көлемін меңгеру деңгейін

айқындау мақсатында жүзеге асырылады. Осы 2011-2012 оқу жылында республиканың 653 жалпы білім беретін білім беру ұйымдарында 9 - сынып оқушылары үшін оқу жетістіктерін сырттай бағалау (ОЖСБ) рәсімі өткізілді.

9-сыныптар бойынша ОЖСБ нәтижелерін салыстырмалы талдау оқушылардың «Қазақстан тарихы» мен «Дүние жүзі тарихы» пәндері бойынша дайындықтарының қандай деңгейде екенін анықтайды.

ОЖСБ (оқу жетістіктерін сырттай бағалау) 2011-2012 оқу жылында «Қазақстан тарихы» пәнінен өткізілді.


«Қазақстан тарихы» пәнінен республика бойынша орташа – 11,5 балды құрады. Жеке-жеке аймақтар бөлісіндегі көрсеткішті төмендегі кестеден көруге болады.

15 - кесте – Қазақстан тарихы бойынша ОЖСБ көрсеткіштері

Облыс	ОЖСБ қатысқандар саны			Орташа балл		
	Қазақстан тарихы					
	Барлығы	Оқыту қазақ тілінде	Оқыту орыс тілінде	Жалпы	Оқыту қазақ тілінде	Оқыту орыс тілінде
Ақмола	2290	893	1397	11,92	12,00	11,87
Алматы	4454	2753	1701	10,38	10,33	10,46
Ақтөбе	2269	1456	813	8,79	8,07	10,07
Атырау	1253	776	477	12,87	12,77	13,03
Батыс Қазақстан	1594	926	668	11,70	11,96	11,35
Маңғыстау	1104	801	303	10,66	11,21	9,19
Шығыс Қазақстан	3176	1826	1350	12,89	13,35	12,27
Жамбыл	3428	2346	1082	11,73	12,29	10,52
Қарағанды	2844	1772	1072	12,48	12,56	12,35
Қызылорда	1957	1571	386	9,14	8,78	10,61
Оңтүстік Қазақстан	5705	4555	1150	14,05	13,97	14,40
Қостанай	1830	588	1242	9,23	8,73	9,46
Павлодар	1421	522	899	12,05	12,52	11,78
Солтүстік Қазақстан	1452	543	909	10,94	10,76	11,05
Астана қ.	846	260	586	11,33	11,00	11,48
Алматы қ.	2176	998	1178	10,23	11,23	9,38
Қазақстан Республикасы	37799	22586	15213	11,55	11,75	11,25

Дереккөз: Ұлттық білім беру статистикасы және бағалау орталығы

2012 жылы Қазақстан тарихы пәні бойынша ОЖСБ-дан ең жоғары көрсеткішті Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Атырау, Қарағанды, Павлодар, Ақмола, Жамбыл, Батыс Қазақстан облыстары көш бастаса, ең төменгі балды Қызылорда, Алматы облыстары мен Алматы қаласы еншілеген[16] (19 – сурет).



19 - сурет – 2012 жылғы ОЖСБ көрсеткіштері

ОЖСБ (оқу жетістіктерін сырттай бағалау) 2013-2014 оқу жылында «Дүние жүзі тарихы» пәнінен өткізілді.

«Дүние жүзі тарихы» пәнінен республика бойынша орташа – 9,36 балды құрады. Жеке аймақтар бөлісіндегі көрсеткіш төмендегі кестеде көрсетілген.


16- кесте – Дүние жүзі тарихы бойынша ОЖСБ көрсеткіштері

Облысы	ОЖСБ қатысқандар			Орташа балл		
	Барлығы	Оқыту қазақ тілінде	Оқыту орыс тілінде	Дүние жүзі тарихы		
				Жалпы	Оқыту қазақ тілінде	Оқыту орыс тілінде
Ақмола	1520	657	863	11,78		
Алматы	2930	2077	853	10,36		
Ақтөбе	1493	1135	358	8,33		
Атырау	957	720	237	7,65		
Батыс Қазақстан	933	541	392	9,54		
Маңғыстау	917	827	90	8,51		
Шығыс Қазақстан	2128	1178	950	12,43		
Жамбыл	1887	1391	496	8,38		
Қарағанды	1841	619	1222	8,20		
Қызылорда	1544	1348	196	8,96		
Оңтүстік Қазақстан	5205	4430	775	7,00		
Қостанай	1377	276	1101	10,52		
Павлодар	1305	447	858	8,08		
Солтүстік Қазақстан	1124	280	844	8,23		
Астана қ.	971	319	652	12,97		
Алматы қ.	1281	336	945	13,49		
Қазақстан Республикасы	27413	16581	10832	9,36	8,89	10,08


Дереккөз: Ұлттық білім беру статистикасы және бағалау орталығы

Дүние жүзі тарихы пәні бойынша ОЖСБ-дан ең жоғары көрсеткішті Алматы, Астана қалалары, Шығыс Қазақстан, Ақмола облыстары көш бастаса, ең төменгі балды Оңтүстік Қазақстан, Павлодар, Қарағанды, Солтүстік

Қазақстан, Ақтөбе облыстары еншілеген [17]. Ең жоғары көрсеткіш (Алматы қаласы) пен ең төменгі көрсеткіштің (Оңтүстік Қазақстан) айырмашылығы 6,5 балды құрайды (20-21 – сурет).



20 - сурет – 2014 жылғы ОСЖБ көрсеткіштері



21 - сурет – Дүние жүзі тарихы бойынша ОЖСБ көрсеткіштері (орташа балл)

Қорытындылар мен ұсыныстар:

Аталған аймақтар бойынша «Дүние жүзі тарихы» пәнінен орташа ұпай нәтижесі қанағатанарлық емес және оның себептерінің кең түрдегі сараптамасын талап етеді. Мониторингтік зерттеулер нәтижесінде келесідей себептері аталып өтіледі:

- дүние жүзі тарихы пәні бойынша оқушылардың үй тапсырмасын жүйесіз орындаулары;
- оқушылардың жеке жұмыс жасау дағдыларының жеткіліксіздігі;
- тарих пәні бойынша оқушылар оқу барысының нәтижесін бақылау тиімсіздігі: тарихи деректер мен материалдарды оқыту барысында

қиыншылықтардың анықталуы, білім мен біліктілігінің кемшіліктері, білім мен біліктіліктерін түзету бағыттарын анықтау;

- тарихи білім мазмұнының әртүрлі білім-біліктерін (функционалдық біліктілік) игеруді қамтамасыз ететін оқыту барысындағы оқу-танымдық әрекеттерді ұйымдастыру формалары мен әдіс-тәсілдерінің тиімсіздігі.

3«Қазақстан тарихы» мен «Дүние жүзі тарихы» пәндерін оқу әдістемесі мен тәжірибесі

Қазіргі қоғам мұғалімдерден үздіксіз, жүйелі де берік білім беруді іске асыру міндетінің орындалуын талап етуде. Әр мұғалім осы бағытта оқу үрдісінің жалпы мазмұнын білу, кәсіби терең білімнің болуы және білім беру құжаттарымен жұмыс істей білу талаптарын орындап, іске асыра білуі шарт. Білім берудегі негізгі міндеттердің бірі – білім беруді жетілдіру, талапқа сай оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру. Білім беру – оқушылардың ғылыми білімдер жүйесін меңгеру, танымдық дағдысы мен ынтасын, дүниеге көзқарасын қалыптастыру, шығармашылық қабілеті мен күшін, адамгершілік қасиеттерін дамыту үрдісі.

Тарих – мектептегі оқу пәні ретінде жалпы негізгі білім беретін барлық гуманитарлық және қоғамтанушылық курстардың негізін құрайды. Тарих ұлттық өзіндік сана-сезімді және адамгершілік-этикалық нормаларды қалыптастыра отырып, оқытудың дүниетанымдық негізін қалыптастырады. Тарихтың басқа пәндермен өзара байланысы талдау, жинақтау сияқты ортақ логикалық таным әдістерін қолдануға мүмкіндік береді.

Тарих пәнін оқытудағы негізгі мақсат – ұрпақтарды өз елінің тарихымен таныстыру. Оқушылардың танымдық қабілетін өсіруде адамгершілік қасиеттерін дамытуға әсер ету. Еліміздің әр азаматы тарихтан біз келешекте қандай қоғам құруды мақсат қыламыз, өткеннен қандай үлгі, өнеге алуымыз керек деп сұрақ қойып, жауап алуымыз қажет. Ата-бабамыздан мирас болған тарихымызды білу, тану, табиғатын сақтау тәуелсіз еліміздің әрбір азаматының борышы. Осындай үлкен істі жүзеге асыруда тарихшы ұстаздардың атқаратын рөлі ерекше зор.

Тарихты оқыту әдістемесі – тарихты оқытудың міндеттері, мазмұны және әдіс-тәсілдері туралы педагогикалық ғылымдардың бір саласы. Мектепте «Тарих» курсының оқытудың басты мақсаты – оқушыларға адамзат дамуының ежелгі заманынан бастап бүгінгі күнге дейінгі даму тарихынан жүйелі білім негіздерін қалыптастыру, бүкіл адамзат жасаған құндылықтарды, мәдени-тарихи тәжірибесінің негізін оқытып меңгерту. Тарих пәнін тиімді жүргізу жолдарының бірі – күнделікті сабақ жоспарын ғылыми-әдістемелік тұрғыда жасап, ұстаздың тәжірибе жемісіне сүйене, отырып, жүзеге асыру. Инновациялық тәсілдер арқылы сапалы біліммен, жан-жақты дамыған дүние танымы кең, шығармашылық ізденіспен жұмыс істейтін жеке тұлғаны қалыптастыру. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына зор көңіл бөлу қажет. Сабақ мұғалімнің педагогикалық мәдениетінің айнасы, - дейді В.А. Сухомлинский. Білімнің сапасы көпшілік жағдайда мазмұнға сәйкес әдістемені дұрыс таңдап ала білуге байланысты. «Тарих» курсының тәрбиелеу құралын ретінде сын тұрғысынан ойлауды дамыту, тірек-сызбалар арқылы оқыту, Ж. Қараевтың деңгейлеп саралап оқыту, М. Жанпейісованың модульдік технологиясы, Б. Тұрғанбаеваның дамыта оқыту технологиясы, жобалау

технологиясы, ұжымдық оқыту технологиясы, т.б. сияқты оқытудың түрлі әдістемелері мен технологиялары кеңінен қолданылады.

3.1 «Қазақстан тарихы» мен «Дүние жүзі тарихы» пәндерін оқытуды жетілдіру бойынша еліміздің ғалымдары әзірлеген әдістемелік құралдар

Ұлттық тарихи сананы қалыптастыру үшін келешектің кепілі жас жеткіншекті оқыту мен тәрбиелеу орасан зор орын алады. Қоғамның тарихи санасының жаңғыруы – күрделі үдеріс. Елімізде тарихи сананы жаңғыртып жаңартудың өзектілігі отандық тарих ғылымы мен тарих философиясына жауапты міндеттер жүктейді. Қазіргі кездегі халықтар мен елдердің арасындағы бәсекеге қабілеттіліктің бір түбірі осы рухани-философиялық, өркениеттік және мәдени мұра мен тарихи санада жатқанын ескерсек, қазіргі тарихи сананың жаңаруында тарихи білім мен ғылым ерекше орын алады.

«Тарих» пәнінің тәрбиелеушілік мүмкіндігі өте мол. Тарих сабақтарында оқушылардың дүниеге ғылыми көзқарасы қалыптастырылады, адамгершілікке, имандылыққа, ізгілікке тәрбиеленеді, отаншылдыққа, халықтарды құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелейді; еңбекке, аға ұрпақтың еңбек және жауынгерлік дәстүріне тәрбиеленеді; діннің қызметін дұрыс түсінуге, оны дұрыс бағалауға, бейбітшілікті сақтауға үлес қосуға, адамзат жасаған құндылықтарды құрметтей білуге тәрбиеленеді; эстетикалық, экологиялық, экономикалық т.б. тәрбие алады.

«Қазақстан тарихы» оқулықтарының авторы Қ.М. Жүкеш ұсынған «Азаматтану», «Демократия негіздері» қолданбалы курсы оқушылардың біліктілігін жетілдіруде өзіндік маңызды орын алады.

«Азаматтану», «Демократия негіздерін» оқытудың жалпы білімдік мақсаты – құқықтық, демократиялық мемлекетке айналдыру үшін еліміздің заңдарын қастерлейтін, өз құқықтарын қорғай алатын, ойларын еркін айтып, еркін әрекет жасай алатын елінің нағыз патриотты бола білетіндей ұрпақ тәрбиелеу. Оқушыларды рухани байытып, білімін арттырып дүние танымын кеңейту болып табылады.

Осы еңбекте «Демократия негіздерін» оқытудың келесі міндеттері көрсетілген:

- Қазақстан қоғамының даму заңдылықтарын және оның саяси жүйесін оқыту арқылы Отанын сүйетін, саяси сауатты азаматты тәрбиелеу;

- оқушыларды қоғам өмірінде болып жататын оқиғалар мен құбылыстар арасында дұрыс бағдар ұстай білуге үйрету;

- қажетіне қарай, қалыптасқан ахуалда азаматтық тұрғы ұстана білудің қажеттігін сездіру [18].

оқушылардың өзіндік қасиеттерін дамыту, туған жері мен туған мәдениетін сүйеге, тарихи ой-санасын жетілдіру, қаланың мәселелеріне адамгершілік, белсенділік позициясы тұрғысынан қарауға, еліміздің тарихы мен қазіргі жағдайына сыйластықпан қарауға, патриотизмге, азаматтылыққа

тәрбиелейтін тарих пәнінің бір саласы – Сыртқы саясат. Осы салада мұғалімдерге көмек ретінде келесі құралды ұсынуға болады.

Тарихшы-әдіскер ғалым С. Дүйсеннің «Сыртқы саясат» әдістемелік құралы – ел болашағын айқындайтын білімді ұрпақ Отандық тарихтан тек жүйелі білім алып қана қоймай, саяси үдерістердің, құбылыстардың мәнін дұрыс түсініп, өмірде белсенді әрекет ете алатын саяси сауатты азаматтар болу сияқты тарихи-саяси білім беруге арналған. Бұл әдістемелік құралды «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының филиалы «Астана қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты» мұғалімдерге тарих пәнін оқытуда көмекші құрал ретінде ұсынады.

Н. Жансейітова Астанатану – мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал. – Астана, 2008. – 81 бет.

Бұл оқу-әдістемелік құралда Астананың тарихы мен қазіргі жағдайы туралы материал берілген.

Бүгінгі таңда Астана қаласының №1, 2, 4, 35, 38, 44, 45 жалпы білім беру мектептері «Астанатану» қолданбалы курсы мен № 4, 27, 32, 39 т.б. жалпы білім беру мектептері «Сыртқы саясат» таңдау курстарын жүргізеді. Астана қаласы білім департаментінің берген мәліметтеріне қарағанда осы таңдау курстарын жүргізу жылдан жылға көбейіп келе жатқанын көреміз. Ол дегенін сұраныстың жылдан жылға артып келе жатқанын және де осы таңдау курстарының нәтижесінің бар екенін көрсетеді.

Еліміздің әдіскер ғалымдары (Т. Тұрлығұл, Б. Адырбек, Б. Сәрсекеев, Қ. Құнапина, А. Көпекбай, Б. Әбдіғұлова т.б.) әдетте, пәннің ерекшелігіне қарай 7 мен 10-ның арасында оқу-әдістемелік құрал қажет деп есептейді. Тарих пәнінен терең әрі тиянақты білім алу үшін 7-8 әдістемелік құрал қажет[19]. Олар: оқулықтар, әдістемелік материалдар, дидактикалық материалдар (оқу карталары, түрлі кестелер мен сызбалар, көрнекі құралдар, хрестоматия, оқу кітабы, сөздік және т.б.). Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 26-қыркүйектегі «ҚР жалпы білім беретін мектептеріне арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер дайындау және басып шығарудың мақсатты бағдарламасы» деп аталатын қаулысы негізінде мектептерді жаңа буын оқулықтарымен қамтамасыз ету, оқу-әдістемелік кешенді жабдықтау ісі жүзеге асырылуда.

3.2 «Қазақстан тарихы» мен «Дүние жүзі тарихы» пәндерін оқытуды жетілдіру бойынша іс-тәжірибе

Оқыту тиімділігін арттыру мақсатында мұғалімдер түрлі әдістемелер мен технологияларды қолданады. Соңғы жылдары оқушылардың оқу үрдісінде өзара қатынас белсенділігін арттыру (интерактивті әдіс) әдісін ынталы мұғалімдер кең қолдануда. Яғни жұппен, топпен, сыныппен тарих сабақтарында өз беттерінше жұмысты орындау дағдыларын қалыптастыру. «Тарих» курсының оқыту процесіне М. Қозыбаев, Ж. Қасымбаев, К. Нұрпейіс, С. Жолдасбаев, Т. Садықов, Б. Сәрсекеев, Т. Тұрлығұл, М. Қойгелді, тағы басқалардың оқулықтары, мектеп мұғалімдері Р. Сәуенова, Р. Бекіш, О.

Локтионованың, т.б. авторлық бағдарламалары, Ә. Жүнісбек, М. Жанпейісованың, авторлық технологиялары және Р. Құсайынова, Б.Әбдіғұлова, М.Байдолда, Қ.Күліпбаева, Н.Нұғыманова, М. Шәймерденова, Т. Тұрлығұл, Қ. Құнапина, Ә. Көпекбай, Б. Адырбек, Б. Сәрсекеевтің жаңа әдістемелері енгізілген.

Тарих – мектептегі оқу пәні ретінде жалпы негізгі білім беретін барлық гуманитарлық және қоғамтанушылық курстардың негізін құрайды. Тарих ұлттық өзіндік сана-сезімді және адамгершілік-этикалық нормаларды қалыптастыра отырып, оқытудың дүниетанымдық негізін қалыптастырады. Тарихтың басқа пәндермен өзара байланысы талдау, жинақтау сияқты ортақ логикалық таным әдістерін қолдануға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар республика мектептерінде тарих пәндерінің көпшілік мұғалімдері сабақты сапалы деңгейде өтілуіне, онда оқушылардың өзіндік шығармашылық жұмыстарын, практикалық іс-әрекеттерін тиімді қолдануға көңіл аударуда.

Бүгінгі таңда республиканың көптеген жалпы білім беру мектептері вариативтік компонент есебінен тарих пәнін тереңдетіп оқытуға арналған қолданбалы және таңдау курстары жүргізіледі: «Көшпенділер әлемі», «Қазақстан мәдениеті», «Мәшһүртану», «Тарих беттері», «Өмір пәлсапасы», «Этносаралық қатынастардың қалыптасу тарихы», «Алаштану», «Дінтану», «Халықаралық сауда жолдары», «Қазақстан әлемдік қауымдастықта», «Ұлы жиһангерлер», «Экстремизм мен терроризмнің әлемге қаупі», «Әлихантану», «Тарихқа саяхат», «Қазақ хандары», «Түркітану», «Шығыс мәдениетінің тарихы», «Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары», «Қазақ шежіресі», «Ұлы тұлғалар тарихы», «Тарих шежіресі», «Ұлы дала тарихы», «Алматытану», «Жетісу – біздің өлке», «Яссауитану», «Елтану», «Тарих тұлғалар», «Қазақстанның ежелгі қалалары», «Бабалар тарихы-асыл қазына», «Қазақ тарихының іргелі мәселелері», «Тарихи өлкетану», «Қазақ елінің тарихы», «Әлемнің жеті кереметі» т.б. сияқты қолданбалы курстар тарихты терең оқып білуге септігін тигізеді.

Солардың ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген «Этносаралық қатынастардың қалыптасу тарихы» (8-сынып), «Алаштану» (9-сынып), «Дінтану негіздері» (9-сынып) қолданбалы курстарының оқу бағдарламалары әзірленіп республиканың жалпы білім беру мектептерінде жүргізілуде.

Ақмола облысы Степногорск қаласы С.Сейфуллин атындағы №5 көпсалалы мектеп-лицейінде қоғамдық – гуманитарлық бағдарлау бағытындағы 10 сыныптың тарихи-қоғамтанулық оқыту бағдарында 2009 жылдан бастап «Алаштану» қолданбалы курсы оқытылып келеді.

Мақсаты: Алашордалықтардың өнегелі өмірі мен халқы үшін жасаған еңбегі, ғылыми, шығармашылық жұмыстары, қазақ тарихындағы ерекше алатын орны туралы оқушыларға тиянақты білім беру, сол арқылы алаш зиялыларының тұлғасын терең тануға бағыттау, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектесу, іздену, зерттеу жұмыстарына баулу.

«Алаштану» қолданбалы курсы жастардың бойына тұлғалық сипатын қалыптастыру, отансүйгіштік, ұлтжандылық, азаматтық қасиеттерді ұялатуға курстың атқаратын рөлі зор. Мектеп оқушылары бойында осындай қасиеттерді қалыптастыру үшін Алаш зиялылары өмірі мен қызметін, шығармашылығын оларға үлгі - өнеге ету оң нәтиже берері сөзсіз.

- Алаш зиялылары туралы мағлұматтар алып, олардың тарихта алатын орны, азаматтық келбетін көрсету.

- Ұлтжандылыққа, адал да өткір, рухы биік қыр ұлдарын пір тұтып бағалай білуге, халқының тарихын қадірлеуге намысты болуға тәрбиелеу.

- Оқушылардың білімдіктерін дамыту, жеке іздену, зерттеушілікке дағдыландыру. Отан тарихын білуге деген құштарлығын ояту.

Қазіргі білім беру оқушының сабаққа деген қызығушылығын туғызатын, олардың алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерде қолдана алатындай білім, білік, іскерлік, дағдыларын қалыптастыруда ұстаздарға көптеген оқыту технологиялары, түрлі заманауи әдістерін қолдана білуіне басты назар аударуды талап етілуде. Болашақ ұрпаққа әлемдік деңгейде білім беру мақсатына орай білім мазмұнына жаңаша қарау – басты міндеттердің бірі. Қазіргі кезде білім берудің жаңа жүйесінің жасалынуы, білім мазмұны мен әдіс-тәсілдерінің жаңаруы бәсекелестікке қабілеті мол, шығармашылық бағытта еңбектенетін, ой қабілетімен ерекшеленетін азаматты тәрбиелеуді көздейді.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан – жақты маман болу мүмкін емес. Білім беру саласының барлық жағына жаңаша қарым – қатынас (жаңа базистік оқу жоспарына көшу, білім мазмұнын жетілдіру, оқу әдістемелік кешендерге көшу, т/б с.с), жаңаша ойлау қалыптасуда.

Оқытудың қандай жолы қолданылса да, қарастырылатын екі көзқарас бар. Біріншісі, оқушының жеке тұлға және әлеуметтік нысан ретіндегі келешегі, екіншіден, оқытудың оқушы мен мұғалім арасындағы қарым – қатынас нәтижесі ретінде қарастырылуы.

Әлемнің озық заманауи әдіс – тәсілдері мен технологиялары қатарына «жобалау әдісі», «өздігінен білім алу», «топтап оқыту», «кейс әдісі», «диалогтық оқыту», «кіріктірілген білім беру», «АТЛ дағдыларды қалыптастыру әдістері», «іс-әрекетті зерттеу (action research)», «lesson study», «үш өлшемді әдістемелік жүйе», «сындарлы оқыту» технологиясы т.б. көптеген әдістерді қолданып оқыту кең қолданылады.

Солардың ішінде Астана мен Алматы қаласының білім департаменттері берген мәліметтерден байқағанымыз тарих пәні мұғалімдерінің көпшілігі сындарлы оқыту технологиясы, диалогтық оқыту, топтық оқыту т.б. көптеген әдістерді қолданады. Мысалы, сын тұрғысынан ойлау технологиясын Астана қаласының тарих пәні мұғалімдері: №70 мектеп – лицейі Ә. Құдабаев, №59 мектеп – лицейі Ө. Шнанов, №65 мектеп-гимназиясы П. Байташева т.б. Алматы қаласының тарих пәні мұғалімдері: №146 орта-мектебіне Ғ. Іргебаев тірек – сигналдар арқылы оқыту (кестедегі тарих), Қ. Қанысбекова диалогтық оқыту (театрландырған), Алматы облысы Іле ауданы Өтеген батыр кенті М. Мақатаев

атындағы №13 орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Б. Медеуова алгоритмдік оқыту технологиясымен жұмыс жасайды. Алматы қаласы №159 мектеп-гимназиясының тарих пәні мұғалімі Г. Асанбекова инновациялық, интерактивтік оқытуды тиімді пайдалана отырып, оқушылардың ойлау қабілеті мен іскерлік деңгейін, ізгілікті тұлғалық қасиеттерін үнемі арттыру бағытында үлкен шығармашылықпен, тынымсыз ізденімпаздықпен жұмыс істейді. Атап өткен ұстаздардың барлығы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы базасында біліктілікті арттыру деңгейлік курстарынан өткен, жаңашыл, танымал педагогтардың еңбектері мен тәжірибелерімен таныса отырып, оқушы тұлғасын жан-жақты дамытудың әдіс-тәсілдерін, жолдарын игерген және тиімді қолдана біледі. Оның нәтижесі ретінде бүгінгі таңда оқушылары республикалық пән олимпиадалары мен ғылыми жарыстардың жеңімпаздары және ұлттық бірыңғай тестілеуден жоғары сапалық көрсеткішке қол жеткізіп келеді.


4 Жалпы білім беретін мектептердегі «Қазақстан тарихы» мен «Дүние жүзі тарихы» пәндері бойынша білім берудің жағдайы

XXI ғасыр ғылым мен техниканың көз ілеспес жылдамдық пен даму заманы, сондықтан уақыт талабына сай білімді де парасатты, жан дүниесі кемелденген, намысшыл ұрпақ тәрбиелеу – басты мақсат. «Надан жұрттың күні – қараң, келешегі тұман» – деп М.Дулатов айтқандай, егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. Сондықтан да, заман талабына сай оқыту мен тәрбиенің соңғы түрлерін жедел меңгеріп, кәсіби шеберлікті ұштап отыру ұстаздың басты парызы. Тарих пәні ұстаздарға білімін үнемі жетілдіріп отыруды, қосымша деректермен толықтыруды талап етеді. Тарих пәнін оқытуда оны ұрпақтар бойына дарыту әлі де көп ізденістерді әдістемелік тәсілдерді қажет етеді. Оқытудың тиімділігін арттыру үшін тарихи материалдардағы қосымша деректерді пайдаланудың зор мәнісі бар. Мұғалім тақырыптың мазмұнын кеңейтіп және толықтыратын қосымша материалдарды қолдану арқылы дәстүрлі емес сабақ түрлерін өткізіп оқушылардың тарих пәніне деген қызығушылығын үнемі арттырып отырғаны жөн. Жалпыға белгілі, білім беру жүйесінің сапасы осы салада жұмыс істейтін ұстаздардың сапасынан жоғары болуы мүмкін емес.

4.1 «Қазақстан тарихы» мен «Дүние жүзі тарихы» пәндері мұғалімдерінің сапасы туралы мәлімет


